



ЕЛ ЕЛБАСЫМЕН МАҚТАНАДЫ

Құрметті ұлытаулықтар! Ардақты ағайын! Сіздерді ең мәртебелі мемлекеттік мерекелердің бірі – ҚР-ның Тұңғыш Президенті күнімен құттықтаймыз!

2012 жылдан бастап ресми мереке ретінде аталып келе жатқан бұл күн, шын мәнінде, Тәуелсіз Қазақстан халқы үшін зор мәртебеге ие. Оның үстіне биылғы Тұңғыш Президент күні ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық торқалы тойы қарсаңында мерекеленіп отыр. Осы ширек ғасыр уақыт ішінде Тәуелсіз Қазақстанның қол жеткізген жарқын жетістіктері, Елбасымыз Н.Назарбаевтың атымен тығыз байланысты. Елімізде жүргізіліп жатқан барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалар Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен жүзеге асырылуда. Елбасының сабырлы да сарабдал ұстанымының арқасында, егемен еліміз әлемдегі дамыған 50 мемлекеттің қатарынан орын алып үлгерді. Енді



өркениетті «отыздыққа» жету жолында Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың басшылығымен алға қарышты қадам жасауда. Елбасымыздың «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан ізгі істер, Ұлы Дала халқының көз алдында жүзеге асырылып жатыр. Елі Елбасының саясаткерлігі мен көрегендігіне, болжампаздығына дән риза! Қазақ елінің әлемдік қауымдастық алдындағы мерейі үстем, мәртебесі биік болуы – тек қана Елбасының арқасы. Сондықтан да ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ерен еңбегін қазақстандықтар жоғары бағалап, құрметтейді. Елбасымыз қандай құрмет-қошеметке болсын – әбден лайықты!

Біз, бүгін аудан тұрғындарын ҚР-ның Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Әр отбасына амандық-саулық, зор бақыт, молшылық, қызық-қуанышқа толы ғұмыр тілейміз.

Мереке құтты болсын!

Аудан әкімі Х.ОМАРОВ

Аудандық мәслихаттың хатшысы Т.СЕЙТЖАНОВ

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ КЕЛЕШЕГІ – КЕМЕЛ!

Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні биыл бесінші рет аталып өтілуде. Тәуелсіз Қазақстан өзінің егемендігі жарияланғалы бері, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен талай жарқын жетістіктерге қол жеткізді. Өзінің кемеңгерлігі мен саясаткерлігінің, көрегендігі мен болжампаздығының арқасында, Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Қазақ елін алыс-жақын шетелдерге мойындатты. Елбасының ерен еңбегі ең жоғары құрмет пен қошеметке лайық!

Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаев қазақстандық қоғамды қалыптастыруда, елдің бірлігі мен көпұлтты Қазақстан халқының татулығын қашанда басты назарында ұстап келеді. Ұлттар тұтастығы – бейбіт өмірдің, берекелі тұрмыстың өзегі! Көпұлтты халқымыз ынтымақ пен бауырмалдықтың нәтижесінде мамыражай тірлік кешіп отыр. Елбасымыздың сабырлы да салиқалы саясатының арқасында, Тәуелсіз Қазақстан жұмыр жердегі бірде-бір мемлекетпен «қырғиқабақ», араз емес. Керісінше алыс-жақын шетелдер арасындағы шиеленістерді бітімгершілік, бейбіт жолмен шешуде белсенділік танытып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанда ғана емес, бүкіл Евразияда, тіпті мұхиттың арғы жағындағы мемлекеттерде де үлкен беделге ие. Осындай Президенті бар Қазақ елі, келешекте әлі талай асуларды аларына сенімдімін!

Мен бүгін отандастарымды ҚР-ның Тұңғыш Президенті күні мерекесімен құттықтаймын. Әрбір қазақстандыққа бақытты ғұмыр, мықты денсаулық, ашық аспан тілеймін!

Отанымыз тыныш, Елбасымыз аман болсын!

Патимат ОСКАНОВА,
№1 Ұлытау орта мектебінің мұғалімі.

МАҚСАТЫМЫЗ – МӘҢГІЛІК ЕЛ

Сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз азаттық алуды кейінгі ұрпақтарына аманат еткен Тәуелсіздікті алу бақыты бүгінгі ұрпаққа тиді. Қақтығыс пен қантөгіске соқтырмай, қисапсыз қиындықтарды жеңіп, халыққа тапшылық тауқыметін тартқызбай, барлық салада қарыштап қарқынды дамыған, іргелі де, ірі мемлекетті қалыптастыруда ҚР Тұңғыш Президенті, кемеңгер Елбасы, алысты болжайтын, көреген, біртуар тұлға, халықтың адал ұлы Н.Назарбаевтың еңбегі өлшеусіз.

Елбасы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланып жатқан еңбегінде: «Біз Тәуелсіздікке қол жеткізген кезде елдің тұрмыстық жағдайы ауыр болатын. Қаржы да жоқ, қажетті тауар да жоқ, сол бір қиын кезеңнің де қисынын таптық, жоққа жетпейтін жүйріктің бабын келтіріп, шідерін шештік. Бірліктің түндігін түріп, жоқты барға, барды базарға, базарды ажарға айналдыра алдық. Әрине, бұл айтуға оңай. Бірақ көппен бірге жол таптық, жұрт болып жұмылып, азды-көпке айналдырдық. Сенім несиесін орнықтырдық, үмітті үкіледік» – дейді. Егемендіктің алғашқы жылдарында қисапсыз қиындықтармен бетпе-бет келіп, оны жеңудің жолын тауып, елімізді осындай дүниежүзіне мойындатқан құдіретті елге айналдырудың оңай болмағанын Елбасымыздың жоғарыдағы сөзінен айқын көруге болады. Бұл Елбасының дана басшылығының, салмақты саясатының, алысты болжайтын көрегендігінің, халықтың мызғымас бірлігін берік қалыптастыруының арқасы екені анық. Мақсатымыз – Мәңгілік ел!

Міне, бүгін, халқымыз 1 желтоқсан – Президент күнін тойлап отыр. Бұл халықтық мерейлі мереке. Мереке құтты болсын!

Мұрат МӨТКЕНОВ,
аудандық мәслихаттың депутаты, Қарсақбай зауытының директоры.

“ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ”

газетіне 2017 жылға

жазылу жүргізілуде

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

жеке тұлғалар үшін — 2000 теңге

мекемелер үшін — 4000 теңге



1 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні

Жасұлан АЯШЕВ

Нұрсұлтан Назарбаев бәрінен бұрын өз міндетін, өз тағайындалуын терең сезінетін, үлесіне тиген міндетті жауапты әрі қажырлылықпен атқаратын кемеңгер тұлға. Елбасы әр қадамын шын мәнісінде өте мұқият есептейді: ол үшін саясатшыл болу бойға біткен дарынмен қатар күн сайынғы аса ауыр жұмыс және өмір дағдысы.

1990 жылғы сәуір айында өткен сессиясында ол жаңа мемлекеттің Президенті болып сайланды. Бұл сайлау 1991 жылғы 1 желтоқсанда өткен жалпыхалықтық сайлауда шын мәнінде толық заңдастырылды. 1995 жылғы жалпыхалықтық референдум оның өкілеттілігін 2000 жылдың желтоқсанына дейін ұзартты. 1999 жылдың қаңтар айында бәсекелестік негізде өткен жалпыхалықтық сайлауда да ол айқын басымдықпен жеңіске жетті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы басты міндет — ұлы американо-тоқырауы кезеңімен ғана салыстыруға тұрарлық теңдесі жоқ дағдарысқа жол бермеу үшін қолайлы жағдайлар тудыруды Қазақстан Президенті ойдағыдай шеше білді. Жаңа қоғамдық қатынастардың алғашқы құрылысшылары жолынан өту қажет болды. Біз осы жолдан тамаша өте алдық. Мемлекет басшысы қол жеткен нәтижелерге сай елді дамытудың ұзақ мерзімді белгіленген «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруды ұсынылды. Ел Президентінің басшылығымен индустриалдық-инновациялық дамудың Стратегиясы әзірленді, инвестициялық және инновациялық қорлар құрылды. Ол үшін ең басты мақсат — ел мен оның экономикасын кең көлемді тың ісі — дүние жүзінің дамыған 30 елдің қатарына қосылу «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру міндеті жоспарланды. Дүниежүзілік сарапшылар арасында «Н.Назарбаев реформаларының қазақстандық үлгісі» деген атау пайда болды.

Саясатшы және экономист Н.Назарбаевтың жеке басының беделі Қазақстанның халықаралық сахнада инвестициялық рейтингінің көтерілуіне, көптеген елдер мен дүниежүзілік қауымдастықтың халықаралық қаржылық институттарымен жемісті экономикалық қарым-қатынастар орнатуына көп көмегін тигізді. Соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру жүйесі, ғылым мен мәдениет одан әрі дамыды.

Еліміз Тәуелсіздік алғанына биыл 25 жыл толып отыр. Осы жылдар аралығында Қазақ елін

ЕЛБАСЫ — ЕЛІМІЗДІҢ ТІРЕГІ



әр ұлт өкілдерінен құралған бір мемлекетте бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір кешіп жатқандары ол Елбасының арқасы. Барша ұлтты бауырына басқан бауырмал Қазақ халқы біреуді артық, біреуді кем деп көрмеген. Татулық пен достықта тұруды ежелден серік еткен. Қазақстан — өз ұлты, халқы, діні, тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар құдіретті ел. Қазаққа тән ата-бабаларымыздан қалған ар-намыс, жігер-қайрат, қайтпас қанат мұра ретінде келешек ұрпаққа дейін жеткен. Тарихқа үңіле отырып: «Кеше кім едік, бүгін кіміз, ертең кім боламыз?» — деп ойлансақ, бұл — туған елінің, халқының өткені мен келешегіне көз жіберген әрбір азаматтың жүрек түкпіріндегі сөзі. Қазақ елі тәуелсіз болса деген арман ұшқын шашса, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Қазақ елінің жиырма бес жыл тұтқасын ұстап, туын көтерген тұрлаулы да тұғырлы тұлғасы — Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен әлем мойындаған, жаһанға аты жеткен мемлекетке айналды. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бүгінгі бейбітшілік уақытта өмір сүріп жатқанымыз Елбасымыздың көреген саясатының жеңісі. Нұрсұлтан Назарбаев бұл шарттардан

мүдірмей өтті, ол елдің, мемлекеттің ақыл-ойын байытуға, абыройын асыруға, ар — ожданын ардақтауға қызмет етті және жемісті еңбек етіп келеді. Осы күні Қазақ елі ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға жетті. Еліміздің экономикасын көтеріп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру, саяси реформалар жүргізіп, басқарудың тиімді тетіктерін қалыптастыру бағытында да қомақты шаруалар атқарылды.

Қазіргі уақытқа дейін еліміз дүниежүзі елдері аралығында айтарлықтай бірнеше ауқымды іс-шараларды өткізіп келеді. Ел ішіндегі этносаралық татулық пен дінаралық келісім үдерістері өзгелерге үлгі етерліктей дәрежеге көтерілді. Дүниежүзілік, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы күш-жігеріміз де халықаралық қоғамдастық тарапынан оң бағаланып келеді. Жершарының көптеген мемлекеттерімен тек достық, ынтымақтастық тұрғысында қарым-қатынас орнаттық. Қазақстанның экономикасын өркендетуге жұмсау, өзіміздің теңемізді тұрақтандыру, дамыған елдермен байланыс жасап, жер бетінде Қазақстан атты мемлекеттің барын таныту болды. Өтпелі кезең қиыншылықты болғанымен,

мемлекеттің алдындағы өзекті мәселелерді Елбасы бірден-бір баянды бағыт ұстанды. Мемлекеттің қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын қалыптастыруды бұрын-соңды болмаған жетістікке жетті. Ел егемендігін алысымен, БҰҰ-ға мүше етіп енгізді. Қазақстан осы күннен бастап және жер жүзіндегі жүзден астам ел таныған Егемен ел болды.

Президентіміздің ел тәуелсіздігінен кейін ең бір батыл, шешімі — Астананы Ақмолаға көшіруі болды. Бұл шешімді халық алдындағы Жолдауында, атап айтқанда көптеген адамдардың арасын өртүрлі пікірлер туды. Кейбіреулері бұл істі қолдап жатса, Енді біреулері бұл шешімге қарсы болғандары да кездесті. Елбасымыз ештеңеге қарамай батыл шешім қабылдап бір күнде-ақ астананы Ақмолаға ауыстырып, таңғажайып іс жасады. Бірақ та Астананы Арқа төсіне ауыстыру оңай болған жоқ. Елбасымыз: «Бұл болашағымызға керек, қызығын келер ұрпақтар көреді», — деген болатын. Сол сөзі қазіргі уақытта дәлме-дәл келіп отыр. Астанамыз қазіргі жас қала болғанымен бас қаламыз. Күннен-күнге асқақтап, көркейіп келе жатқан біздің Астанамыз. Қарасаң көзін тоймайтын, ғажайып шаһарға

айналды. Астанаға қарап еліміздің болашағын байқауға болады.

Есілге қонған аққудай жарқ етіп, Аз уақытта қанат жайған асқақ қала

«Ежелгі арман өтелген, Нығайды Қазақ елдігі. Ақталды шаңырақ көтерген, Елбасының ерлігі», — деп Кәкімбек Салықов жырлағандай, Астана қазаққа тек қана әлеуметтік, экономикалық хәм саяси маңызы бар қала ғана емес, ол тәуелсіздіктің рухани тұғыры ретінде әр қазақтың жүрегінде елге, жерге, Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілігі болып қалады. Себебі, Астана тек қана Қазақ елін ғана емес, бүкіл төрткүл әлемді мойындатқан бас қала. Тіпті алпауыт елдердің астаналарымен иық тіресіп деңгейлес бола алатын Астанаға айналып отыр. Астана Еуропа мен Азия арасындағы байланыс көпірдің қаланы мәртебесіне ие болып отыр. Астана еліміздің мызғымас тұғырына айналды.

Қорыта айтқанда, өз елін жаһандық сүйген ардақты тұлға Нұрсұлтан Назарбаевқа тағдыр бұдан жиырма бес жыл бұрын адамның түсіне де кірмейтін міндет ұсынды: ол жаңа тәуелсіз мемлекет құру еді, оны Қазақстанның Тұңғыш Президенті кемеңгерлікпен адал орындап шықты. Оның ең басты табыстарының бірі саяси тұрақтылықты сақтап нығайту, ұлтаралық, дінаралық және азаматтық келісімге қол жеткізу болды. Бұл көп жағдайда осынша қысқа мерзім ішінде аса күрделі экономикалық және саяси реформаларды көп қиындықтарсыз әрі тиімді жолдармен жүзеге асыруға және елді барлық тәуелсіз жаңа мемлекеттер арасында жүргізілген реформалардың көшбасшысы дәрежесіне көтеруге мүмкіндік берді.

Міне, осының бәрі Қазақстан халқының бірлігі ментатұлығының арқасы деп білеміз. Еліміз 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына мүше болды. ЕҚЫҰ-ға бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының Орта Азия мемлекеттерінің және біртұтас мұсылман әлеміндегі елдердің арасынан топ жарып, алғаш төрағалық еттік. 2017 жылы Астана қаласында «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізуге ниеттіміз. Бұл дегеніміз Қазақ елін төрткүл дүниеге әлемдегі басқа елдерге достық пен бірліктің негізін көрсетіп үлгі болды.

Біздің Президентімізді дүниежүзіне кемеңгерлік ойымен танылған біртуар тұлға.

ЕЛІ ЕЛБАСЫНА СЕНЕДІ

Бүгін барлық қазақстандықтар Тұңғыш Президент күнін мерекелеу үстінде. Еліміздің дамыған елдердің қатарына енуі — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегінің нәтижесі. Президент күні Қазақстанда осымен бесінші рет аталып өтілуде. Бұл күні ел болып Мемлекет басшысы Н.Назарбаевқа құрмет көрсетеді, алғыс айтады. Өйткені, ол құрмет пен қошеметке лайықты тұлға!

Елбасы халықтың хал-жағдайын жақсартуға, тұрмысын түзеуге ұшан-теңіз еңбек сіңіріп келеді. Әсіресе, қарттар мен мүгедектерге, ана мен балаға деген қамқорлық, әлеуметтік көмек көлемі жыл сайын көбеюде. Шүкір, елімізде кейбір алыс-жақын шетелдердегідей қантөгіс жоқ, халқымыз мамыражай тірлік кешіп жатыр. Қазақтың бағына туған Нұрсұлтандай ұлымызға елі сенеді. Елбасымызбен бірге әлі талай асулардан асатынымыз анық!

Мен өзімнің және жерлестерімнің атынан аудан халқын Тұңғыш Президент күнімен құттықтаймын. Әр отбасына баянды бақыт, ұзақ ғұмыр, молшылық тілеймін.

Ұлбосын АХМЕТОВА, көпбалалы Батыр ана.
Ақтас кенті.

КӨРЕГЕН КӨШБАСШЫМЫЗҒА — ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ!

Міне, егемен еліміз үшін мерейлі мерекелердің бірі — ҚР-ның Тұңғыш Президенті күні де келіп жетті. Қазақстандықтар осы бір айтулы мейрамды биыл бесінші рет атап өтуде. Осыдан бес жыл бұрын, ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында Елбасымыз, 1 желтоқсанда ҚР-ның Тұңғыш Президенті күні деп белгілеу туралы Жарлығына қол қойған болатын. Елбасы күні 2012 жылдан бастап тойланып келеді. Биылғы Тұңғыш Президент күні ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық торқалы тойы қарсаңында мерекеленіп отыр. Сондықтан да биылғы Елбасы күнінің мәртебесі биіктей түскендей!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ширек ғасыр уақыт ішінде Тәуелсіз Қазақстанды төрткүл дүниеге танытып, әлем жұртшылығы елімізді бейбітшілікте жақтайтын ел ретінде білді. Мемлекет басшысының Тәуелсіздік жылдары жүзеге асырған ізгі істерін тізіп шығу мүмкін емес. Ең бастысы — Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тартуын әлемдік қауымдастық жоғары бағалады. Мемлекет басшысы Семейдегі ядролық сынақ полигонын жабуға теңдессіз еңбек сіңірді. Қазақстанның саяси-экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан өркеніетті елдермен теңесуі Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың сабырлы саясатының арқасы. Тәуелсіздік жылдары Қазақ елінің қол жеткізген жарқын жетістіктерінің барлығы Елбасының көрегендігі мен болжампаздығының, саясаткерлігі мен білгірлігінің жемісі. Мемлекеттің дербестігін, елдің бірлігі мен бейбітшілігін, ұлттың тұтастығын сақтап келе жатқан Елбасымызға қандай құрмет болсын — әбден лайықты! Ендеше ҚР-ның Тұңғыш Президенті күні аудан тұрғындарын қуаныштарымен құттықтай отырып, әр шаңыраққа береке, бірлік, амандық-саулық тілеймін. Еліміз тыныш, Елбасымыз аман болсын!

Манарбек ШУБАЕВ,
АІБ-нің ЖПҚ инспекторы, полиция майоры.
Сарысу ауылы.

1 желтоқсан — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні



ӨТКЕНГЕ БІР СӨТ ҮҢІЛСЕК

Өткеннен жаным үркеді
Тізімге қара тіркелді
Ойласам өткен өмірді
Жүрегім айнып кілкеді.
Алдаған бүтін халықты,
Сол заман неткен түлкі еді
Көтертпей жерден басыңды
Өткіздің талай ғасырды.
Ақкөңіл, аңқау қазағым
Өзгелер билеп басыңды
Ұстараны ұстатпай
Балтамен алды шашыңды.
Тонап елдің байлығын,
Құтымызды қашырды
Мойнымызға мінгіздік
Өркөкірек масылды
Ел қамын жеген ерлерің
Атылды да, асылды
Аштыққа елді соқтырды
Тартып алып асыңды
Зорлығын бастан асырды
Саясатпен бүркеп жасырды.
Тіл менен діннен бездірді
Кәрің менен жасыңды
Шыдай алмай азапқа
Тарыдай қазақ шашылды.
Құтылдық бүгін бәрінен
Егеменді ел болып
Халықтың бағы ашылды
Ел үшін туған Нұрсұлтан
Мәртебенді асырды
Жинап барлық қандасты
Ортақ қазан асылды
Жайылды дархан дастархан
Қосу үшін басыңды
Келіндер, елге туғандар
Атажұрттан іш асыңды.

Табады халық ананы
Табады ана дананы
Өмір ұлы керуен
Дүбірлетіп даланы
Үдере көшіп барады
Тура жолға салады
Болса басшың саналы
Тұрады есіп алдыңнан
Шаттықтың майда самалы
Халқының бағы жанады
Құдайға шүкір етейік,
Кетті күннің жаманы
Таусылып айла-амалы
Бодандықтың заманы
Байрағымыз желбіреп
Шырқалды елдің жаңа әні
Танытты қысқа мерзімде
Әлемге қазақ шаманы.
Нарықтан шығар жол тапты
Қысқан кеше шамалы
Тіл-көзден құдай сақтасын,
Қазақтың Нұры-Сұлтаны –
Елдің бірлік қамалы.

ХАЛЫҚТЫҢ НҰРЫ-СҰЛТАНЫ

Тағдырын ойлап халықтың,
Өр күнің терең толғаныс
Көтердің жүгін алыптың
Алдыңда қауырт толған іс.
Бұғаудан елді босатып
Бастадың қиын жолға алыс
Қауіп-қатер көп жолда
Қорқауға толы мол қамыс
Қапылысыңды аңдып жүр
Тигізбес олар қолқабыс.
Айбарың айқын асып тұр,
Бірліктің мысы басып тұр.

Жасадың мықты қорғаныс
Олардың құты қашып тұр
Тұрғанын біліп қолда күш
Халықтың адал ұлысың
Бойыңда жігер, мол намыс
Нығайттың елдің бірлігін
Көрсеттің сыртқа ірілігін.
Достарымыз сүйініп
Көтеріп жүр сенім жүгін.
Дұшпанымыз күйініп
Көре алмай елдің тірлігін
Арам ойын іркеді
Бүйірден еппен түртеді.
Ұлт араздық туса деп
Қолтыққа су бүркеді.
Жанашыр болып көрініп
Арандату бұл тегі
Арандап кірмей албарға
Жолатпай мылтық,

қанжарға

Татулық сақтап келесің
Соқтырмай елді жанжалға.
Қайырлатпай кемесін
Халықты бастап барасың
Асуы биік заңғарға
Тұрып қалмай аңғарда
Тұншықпай қою шандарға
Еркіндік елге әпердің
Жеткіздің күткен таңдарға.
Бостандық әпере алмаған
Ақылды небір хандар да.
Тілеуіңді тілейді ел
Бойыңда қазақ қан барда
Ұлты басқа жандар да
Алып шыққан түнектен
Елді қайта түлеткен
Өзіңдей дана жан бар ма?
Дарынды ұлын көрмейтін
Соншама халық аңғал ма?
Кемеңгер көсем тұрғанда
Басқаны жұртың таңдар ма?
Заманның өзің данасы
Панасыздардың панасы
Жоқ бұған ешкім таласы.
Қазақстан бар ұлттың
Құтты мешітханасы.
Бір анадан туғандай
Алшақтамай арасы
Тату-тәтті тұрады
Барлық ұлттың баласы
Ішінде жоқ аласы
Бізге деген ерекше
Әлемнің көзқарасы.
Қызықтырар әлемді
Қазақтың бай даласы
Өзіңдей дана баласы
Қарайды бізге таң қалып
Жақыны мен алысы
Боларын айқын аңғарып
Азияның барысы.

Еңбегің шексіз еселі
Еліңнің бағы бес елі
Өзің ғана әпердің
Өзгеге кеткен есені.
Ақылыңмен жойылды
Бодандықтың кеселі
Алты Алашты билеген
Абылайхан кешегі.
Әпере алмай еркіндік
Арманда кеткен деседі
Жаттан жерін қорғаған
Ерлердің қайтқан меселі
Абай да өткен армандап,
Қазақтың дана, шешені.
Арыстар өткен алысып

«Шықпаған түзу есебі»
Оларды теуіп мерт қылған
Заманның мәстек, есегі
Күншілдердің өсегі
Лақтырған арам кесегі.
Жақсылар азап арқалап
«Жұмақта» жүрген есері.
Ашығын айтқан ашынып
Шешеннің тілін кеседі
Бұл пәниден көшеді.
Мұны көрген басқаның
Небір марқасқаның
Көмейде үні өшеді.
Айналайын, Нұрсұлтан,
Құтқардың өзің халқыңды
Осындай күннен кешегі
Енді қазақ өседі
Қиын істің түйінін
Сен сияқты ұл шешеді.
Әлемге мынау әйгілі
Ел боламыз көшелі
Барда өзіндей көсемі
Құтқарып жолдан азапты
Жасадың небір ғажапты.
Әлемге қысқа мерзімде
Мойындаттың қазақты.
Көз тіктің ұзақ қиырға
Түспедің ескі шиырға
Тың жол салдың төтеден
Қарамай дауыл, құйынға
Мүше еттің елді беделді
Халықаралық ұйымға.
Жатсаң, тұрсаң халықтың
Тағдыры тұрды миыңда
Өзіңсің елдің тірегі
Серпілді түннің түнегі
Еркін соғып тұр бүгін
Еліңнің алып жүрегі.
Жасарып мынау дүние,
Далаң қайта түледі
Сенің арқаң екенін
Халқың жақсы біледі.
Балама жоқ өзіңе
Даламның дара түлегі.

Көтеріп ғажап бастама
Ортаға көшті Астана
Астана болды бас қала
Тұсаукесер өткізіп
Әлемге даңқын жеткізіп
Таныттың оны басқаға.
Жібермей елді егеске
Биіктен қарап еңеске
Болашақты болжадың
Кемеңгерлік бұл емес пе
Сүйсінген елің, достарың,
Халқыңның біліп қоштарын
Жасадың ұзақ мерзімге
Дамудың айқын жоспарын.
Келешекке салып

Нұрлы жол,

Бердің жұрттың тосқанын
Ақордаға айналды
Кешегі «қара қостарың».
Біріксідей қолдады ел
Болашақтың жоспарын
Біріктірдің қауымды
Ақылмен шештің дауымды
Айбарың асып тоқтаттың
Соққалы тұрған дауылды
Мойындаттың ісіңмен
Досың түгіл жауыңды.
Биіктетіп келесің
Тұрғызың өзің тауыңды
Тілейді елің құдайдан
Сенің аман-сауыңды.

Шыға алмай
азапты арнадан
Қараңғыны қармаған
Өтіпті батыр бабалар
Өмірін елге арнаған.
Әттең, дүние-ай, бұлқынып
Бұғаудан босана алмаған
Арманын ата-бабаның
Ұрпағысың жалғаған.
Азат еттің еліңді
Алқымнан орған «орақтан»
Төбедең ұрған «балғадан».
Айналайын, Нұрсұлтан,
Балама саған бар ма адам.
Саған бақыт тілейміз
Жаратушы Алладан
Ұрпақтың ісін жағалар
Тарих сені бағалар
Бір аунап түскен шығар-ау,
Арманда кеткен бабалар.

Өзіңсің нағыз мықты адам,
Ақ бораннан ықпаған
Көз жасын идің халықтың
Кеше жылап-сықтаған
Алып шықтың биікке
Бұдан бұрын шықпаған
Жан бар ма бүгін өзіңді
Тәңіріңдей ұқпаған
Жазғаным елдің ниеті
Бірауыздан құптаған.
Еркіндік бердің халыққа,
Сөйлеуге еркін құқты адам
Сол құқыма сүйеніп
Өзің жайлы жазуға
Жасадым міне, нық қадам.

Жолдармен жүріп сазы көп
Ғасырлар бойы қажып ек
Тәуелсіз болдық бүгінде
Болады елдің азы көп.
Өзінің сүйген ұлына
Сонда да айтар назы көп.
Төрелік айтар сондайда
Билер де керек болар-ау
Әйтеке, Төле сияқты
Қаздауысты Қазыбек
Жасаған ғасыр мұқалмай
Жүйкесі тозып жұқармай
Әділін айтар жасқанбай
Жырау да керек Бұқардай.
Азаматтарға айтарым –
Бірлікті берік сақтайық,
Бермейік елді бұтарлай
Қаламыз деп ұта алмай
Бұйырмаса асыңды
Қаласың жеген жұта алмай

Бар ақылды Елбасы
Бәріміз пір тұтардай
Жақты отты маздатып
Жатқан кеше тұтанбай
Сол отқа тегіс жылынып
Өтейікші сыйласып,
Қысқа өмірде тұтамдай.
Осылай ақын толғайды
Екі сөз елде болмайды
Нұрекеңе сенеді ел
Сондықтан оны қолдайды.
Қабыл боп елдің тілегі
Құдай, әруақ қорғайды.
Ұлытаудың халқы осындай
Ақ ниетін жолдайды.

Озып шығып қатардан
Халқынан ақ бата алған
Өзіңдей ұлды өсірген
Айналайын, атаңнан.
Құламай өмір құзынан
Тайғанамай мұзынан
Сені тапқан айналдық
Қара көз қазақ қызынан.
Азапқа ел тұншығып
Белшесінен батқанда
Саясатпен
шырмап жатқанда
Қазақ деген ұлт аты
Жойылып бара жатқанда
Дағдарып басы қатқанда
Жадыратып елді мұңайған
Жаралғандай Күн, Айдан
Сені берген Нұрсұлтан
Айналайын, Құдайдан.
Өзгермей бір қалыптан
Қасиетіңе қаныққан
Қадіріңді жете түсінген
Айналайын, халықтан.
Сан жыртылып, жамалдық,
Болады енді заман нық.
Болмау үшін жамандық
Тілейміз саған амандық.

Болашаққа салдың
Нұрлы жол,
Мәңгілік ел! Бағыт сол.
Сол жолмен
өзің бастай бер,
Елдің ұлы аман бол.

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі,
Ұлытау ауданының
Құрметті азаматы.

Ұлытау ауданы, 2003 жыл.



Ыбырай Алтынсариннің туғанына — 175 жыл

Ыбырай Алтынсарин жайында көп жазылғаны, еңбектерінің егжей-тегжейлі зерттелгені рас. Алайда көп жәйт Кеңес дәуірінің саясатына орай бұрмаланып көрсетілді. Ол үшін кітап, мақала авторларына кінә артып айыптай қарағаннан гөрі түсіністікпен байыптай қараған жөн сияқты. Әйткені олар солай жазуға мәжбүр болды, заманы соны талап етті. Мәселен, Ә.Дербісәлиннің «Ыбырай Алтынсарин» деген зерттеу еңбегінде: «1923 жылы «Шолпан» журналында (№6,7,8) жарияланған «М» дегеннің (М–М.Әуезовтің бұркеншек есімі – С.О.,К.М.) «Ыбырай Алтынсарыұлы» атты мақаласында ағартушылық өмір жолына байланысты бірсыпыра қажет деректер келтірілгенімен оның творчествосына негізінен теріс талдау жасалды» (1,356.) – делінеді.

Шындығында бұл Әуезов мақаласындағы коммунистік идеологияға «жат» ойлардан туындаған бұрмаланған теріс пікір еді. Мысалы, ұлы жазушының «...1868 жылдан кейін Хүкімет қазақ даласын шын бағындыру жұмысына батыл кірісті. Көздеген мақсатқа жету Қазақтың елін бастайтын басшыларының балаларын оқыту керек деп тапты. Басшылардың балаларын орысша оқытып, төре қылып, шен беріп, шекпен кигізіп, Хүкімет адамы қылып, ел арасына жіберіп, солар арқылы ел мен Хүкіметті жақындастырып елді кіндігінен арқандамақшы болды» – деуі Ресей Үкіметінің отарлау саясатын әшкерлейтін «сорақы» пікір болатын. Сондықтан да М.Әуезовтің бұл мақаласы сыншылар мен зерттеушілердің назарынан тыс қалып келді. Ақиқатында Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына, ұстаздық жолына талдау жасалып, жан-жақты баға берілген, әдебиет, мәдениет тарихынан алатын орнын көрсеткен Кеңес дәуірінде жарық көрген тұңғыш еңбек осы еді.

Кезінде ұлы ұстаз туралы «крест таққан», «шоқынған», «орысқа берілген», «сандығы толған крест екен» деген сияқты өсек-аяң да көп болған. М.Әуезов осы мақаласында ұлы ағартушының еңбегін «қазақтан шыққан шын қазақ ақыны», «ұлт мектебінің іргесін қалаған бабасы» деген сияқты баға беріп, «шоқынды» аталуының себебіне тоқталады. Біріншіден, Ыбырайдың Еуропа мәдениетіне жол салуы, екіншіден, «қазақ өз алдына ел, қазақ еш уақыт ноғай болмайды», деп Ноғай ағайындардың «мұсылмандар ноғай болуы керек» дегеніне қарсы шығуы, үшіншіден, Ыбырай кітаптарының орыс әрпімен (кириллицамен) басылуы, төртіншіден, Ыбырайдың абыройының асуы, Әуезовтің өз сөзімен айтсақ: «Ол заманда орысша оқып, қанжығаласып ел билеу ісіне қатынасқандар төре тұқымдарынан болған. Бұлардың ішінде бақ-күнестік туды. «Жуан қоныш, сасық қазаққа не қылған адамишылық», дегендей. Ыбырайдың тұрған облысына дабысы күшті, ел оны әулие қылып ұстай бастады. Бұл бұрыннан Қазақ елін билеп, меншіктеп қалған төрелерге ұнамады». Бесіншіден, шеттен келген надан молдаларға қарсы болуы. М.Әуезов: «...Ыбырайдың ноғайдан, төреден, азған қазақтан шыққан дұшпандары ұрандасып, ел арасына айтылмыш өсекте таратқан. Ол өсек орынсыз», дей келіп, Ильминскийдің Ыбырай қолымен от көсеп, қазақ балаларын шоқындыру ниетінен тұқ шықпағанын, Ильминскиймен қазаққа пайда келтіру үшін ғана жақындасқанын, Ильминскийдің Ыбырайдың жазған хаттарында, істеген істерінде «орыстың ісі шығып тұр» деуінің мүлде орынсыз екенін айтып, «хаттарында, істерінде патша Хүкіметіне жылы сөз, қолайлы іс болса Ыбырайдың хайла-шарғысы. Ол Ильминскийлерді алдап, адастырған әдісі деп қараудан басқа орын жоқ», – дейді. Ыбырай өлгеннен кейін сандығын Васильев дегеннің алып

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШОҚЫНҒАН БА?



кеткенін, бір сандық крест дегендері бір сандық қағаз екені, айтуға жеңіл болсын деп орыс жолдастарының орысша ат қоюы «шоқындыға» жатпайтыны айтылады.

Мақала соңында автор Ыбырайдың еңбегін жоғары бағалап, атын ескерусіз қалдырмау үшін не істеу керектігін тағы да саналап көрсетеді: «Шоқынды» деп білмеуіміз керек. Ол жабылған орынсыз жала болса, Ыбырай қазақтан шыққан адал азамат болатын болса, ол қазақ-қырғыздық маданият тарихында тиісті орын алуы керек. Ыбырайдың өмірін, ісін толық қылып жазып, жазған кітаптарын қазақша бастырып шығару керек». М.Әуезовтің бұдан кейін ұлы ағартушының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында алар орнының жоғары екенін көрсететін мақаласы Қызылордада басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927ж.) кітабында, 1937-38 жылдары жарық көрген Әдебиет хрестоматияларында, «Социалистік Қазақстан» газетінде (2), «Уақыт және әдебиет» (3, 313-317бб.) жинағы мен бірлі-жарым түзетулермен жазушының 12 томдық (4, 55-59бб.) шығармалар жинағында басылды.

1944 жылы СССР Ғылым Академиясының қазақ филиалының хабаршысында жарық көрген «Орыс классиктері мен Абай» мақаласында XIX ғасырда орыс әдебиетінен үлгі алған екі ақын барын, олар Абай мен Ыбырай екендігін, олардың прогресс жолында болғанын, еліне пайдалы еңбек еткенін, екеуі де оқу-білімге ден қойып, елді сол жолға бастауды мақсат тұтқанын әңгімелей келіп: «Бұлардың әрі өздері қадірлеп, әрі жұртшылығына да нұсқаған қыбласы, Европа мәдениеті – орыс халқының мәдениеті болады», деп, әдебиет майданында екеуінің де орыс халқының XIX ғасырдағы классикалық әдебиет мектебінен үлгі алғанын айтады (1-кітап, 3-15 беттер).

Ұлы жазушы Ұлы ағартушы жайында көптеген шығармаларында өзіндік пікір білдіріп, жоғары бағасын беріп отырған: 1949 жылы жазған «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» (17т. 206б.), 1950 жылы академик Қ.Сәтбаев туралы жазған «Қазақ халқының зор ғалымы» (Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы (№4, (49) 186.), 1951 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарық көрген «Қазақ әдеби тілі туралы» (№4, 62б.), 1957 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихынан» (Евгения Васильевна Лезуновамен бірлесіп жазған, орыс тілінде) (Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы №11) мақалаларында, 1959 жылы Алматыда өткен «Әдеби мұраға арналған конференцияда жасаған қорытынды баяндамасында да (20 том, 383б.) Ыбырай, Абай есімдерін қатар атап, екеуінің қазақ халқы үшін еткен еңбектерін, жеткен жетістіктерін, тыңнан жол салып, ел бастаушысы, ақылшысы, ұстазы болғанын баян етеді. Солардың ішінде «Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері» (1950) мақаласы мен «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» монографиясының орны ерекше.

«Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері» мақаласында автор Шоқан, Ыбырай, Абай үшеуінің үш түрлі салада еңбек еткендерімен ұқсастықтары жоқ еместігін, ол ұқсастық – елге деген жанашырлықта жатқанын, оларды туыстыратын осы аңсаған армандарының бірлігі екендігін айта келіп, Ыбырайға жеке тоқталады. Ы.Алтынсариннің Шоқанға да, Абайға да ұқсамайтынын, ол екеуінің де ісін өз еңбегінде бір арнаға тоғыстырып, екеуі де істемеген келешегі зор істің үлгісін өз қолымен жасағанын, оның әрі жаңа үлгідегі ақын, әрі батыл жаңалық енгізіп, жаңа үлгідегі мектеп ашушы екендігін дәлелді айтады.

Ол ашқан мектептің ерекшеліктеріне тоқталып, оқу құралдарын да өзі жазғанын, жазушылық пен мұғалімдікті шебер ұштастыра білгенін оқушысына түсіндіре баяндайды. «Сонымен қатар ол орыстың білімпаз қайраткерлерінің алдына, орыстың оқымысты жұртшылығының ілтипатына жеткізіп, қазақ халқының толып жатқан мұңдарын, шаруашылық,

біз жаңағы айтылған, Алтынсарин салған тың жолдың түгелімен қабыл алынып, онан да әрі көркейіп, дами түскенін білеміз» деп, Абайдың Ыбырай салған соқпақты кеңітіп, орыс классиктерін аударуда Ыбырай салған стильдік тың өзгешеліктерді көп өзгертпей алғанын, екеуінің де қолданған өлшеу түрлері, тақырыптары бір-біріне сай келетінін, сондықтан да Крылов мысалдарын екі ақынның қайсысы аударғанын айыру қиын екенін айтады. Сөйтіп, әрі қарай Ыбырай мен Абай аудармасын бір-бірімен салыстыра қарастырады. Монографияда Ыбырай аты-жөні бірнеше жерде қайталанып, оның үлгілі ісі, өнегесі, реформатор ағартушы, аудармашы, қоғам қайраткері, жаңашыл ақын, фольклорист екендігі жақсы көрініс тапқан.

«Ғылым» баспасынан жарық көрген «Ы.Алтынсариннің таңдамалы шығармалары» жинағын құрастырушылар: «...Ы.Алтынсарин шығармаларының бағаланып жариялануы әр алуан оқулықтардан басталады. Бұл орайда Д.Әбілов (дұрысы Әбілев қой – С.О.), А.Тоқмағамбетов, Ғ.Балғымбаев, М.Сармурзина, Ш.Ахметов, М.Дулатовтардың кітаптарын ең алдымен атаған жөн...» (5, 22). «40-шы жылдардан бастап Ыбырай мұрасының прогрестік сипатын танып, оны ірі қоғам қайраткері деп дұрыс бағалау орын тебе бастады. Бұған Қазақ ССР тарихы мен С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов оқулықтарындағы материалдар мұрындық болды» (5, 23-24), деген сөйлемдер Ә.Дербісәлиннің 1965 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Ыбырай Алтынсарин» деген кітабындағы: «40-жылдардың бастапқы кезінен бастап, Ыбырайдың шын мәніндегі қоғам қайраткері ретінде тану, бағалау орта мектептерге арналған Қ.Жұмалиев пен С.Мұқановтың, Е.Ысмайыловтың әдебиет оқулықтарында, Қазақстан тарихы бойынша жазылған материалдарда берік орын алды. Ағартушының әдеби шығармалары кеңінен талданып, олардың құндылық қасиеттері ашыла бастады» (1, 38) деген пікірінің жаңғырығы сияқты. Бұл Кеңес дәуіріндегі амалсыздан бұрмаланған көзқарас...

Қорыта айтқанда, Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы жайында Кеңес дәуірінде тұңғыш рет зерттеу еңбек жазып, қоғамдағы, қазақ әдебиетіндегі алатын орнын белгілеп берген М.Әуезов. Ұлы жазушының ұлы ұстаз жайындағы ой-толғамдары көрініс тапқан еңбектері төмендегідей: Ы.Алтынсарин – 1922 жылы жазылып, 1923 жылы жарық көрген; орыс классиктері мен Абай (1944ж.); қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері (1947ж.); қазақ халқының зор ғалымы (1947ж.); Ы.Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері (1949ж.); тіл және әдебиет мәселелері (1951ж.); қазақтың әдеби тілі туралы (1951ж.); Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1951ж.); Абайдың аудармалары (1951ж.); қазақ әдебиетінің тарихынан (1957ж.); әдеби мұраға арналған конференцияда жасаған баяндамасы (1959ж.).

Серікбай ОСПАНОВ,
филология ғылымының
кандидаты, КМПИ
профессоры;
Күлзада МЫРЗАҒАЛИЕВА,
филология ғылымының
кандидаты, доцент.

(Көкшетау-Ақмола-Қызылжар өңірінің апталық «Бұқпа» газетінен).

Мерейтой

ӨМІРІ ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ТҰЛҒА

Қайрат ЖҰМАБАЕВ

Адам бойына бітетін асыл қасиеттердің бірі — ұстанымға деген адалдық ішкі діңгектің берік қалыптасуы. Алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жету, тәуекелге бел буу күрескерлік нышаны. Елін шексіз сүйіп, халыққа қызмет ету нағыз тұлғалы азаматтардың ғана қолынан келетін іс.



Кеше де, бүгін де адами қасиеттің әдебин бұзбай, тәуелсіз еліміздің тұғырлы тұлғасы болып қалыптасқан санаулылардың бірі, бірегейі — Сарлық ауылының еңбек ардагері Жақыпбек Дайыров. Елінің өркениет өрісінен көрініп, туының биікте желбіреуін тілейтін ардақты ағамыз жетпістің желкенін керіп, мерейлі 70 жасқа толып отыр.

Жақыпбек Дайырұлының кіндік қаны тамған жер — Қараторғай өзені бойындағы Шеңбер ауылы. Жақсы мен жайсаңдардың ізі қалған осы өлкеде 1946 жылы 7 қарашада дүние есігін ашыпты. 1964 жылы №2 Қорғасын орта мектебін тәмәмдап, алғашқы еңбек жолын өз туған ауылында қарапайым жұмысшыдан бастады. Жас кезінен ауылдағы дария кеуде, тау мүсін карттардың тағылымды әңгімелерін көңілге түйіп өскен Жақаң тектілік пен іріліктің нышанын ерте байқатты. 1975 жылы Алматы қаласындағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын ойдағыдай бітіріп, Аманкелді кеңшарына бас зоотехник болып барады. Қызметке кіріскен алғашқы күннен бастап, ұсақ мал тұқымын асылдандырудан бастайды. Белгілі ғылым докторы Сатыбалды Мақпұзовтың жетекшілігімен жартылай қылшық жүнді Қарғалы қой тұқымын өсіруді қолға алады. Кеңшар тікелей мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан мал бордақылау алаңының жұмысын жандандырып, жоғары қондылық салмақта ет өткізуді қарқынды дамытады. Нәтижесінде кеңшар қыруар табысқа көнеліп, мал өнімін өндіруден алдыңғы қатардан көрінеді. Осы уақыт аралығында Жақаң ауылшаруашылық саласын еркін меңгеріп, (марқұм) Әліпбек Бекетаевтың ел басқару мектебінен өтті. Ілкімді істің басы-қасында жүрген Жақыпбек Дайырұлы жергілікті билік өкілдеріне де ұнады. Іскер азаматты ел танып, 1981 жылы Алғабас кеңшарына партком хатшысы қызметіне тағайындайды. Содан кейін қызмет баспалдағымен жоғарылай отырып, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы, кейінен 1986 — 1997 жылдары Аманкелді кеңшарының директоры болды. Сол жылдары

ел келешегі үшін игілікті жұмыстар атқарып, әр шаруаны оңынан шешті. Өміршең өнерге аялы қамқорлығын тигізіп «Сарлық самалы» ән - би ансамблі дүркіретіп көрсетті. Сол кезең Сарлық



өнерпаздарының өнерге өрлеген шағы еді.

Өлеуметтік салаға да жете көңіл бөлді. Тұрғын үйлер, бассейні бар монша, сазбен емдеу бөлімі бар 25 орындық аурухана, тері илеу және бояу цехы, тұрмыс қажетін өтеу комбинаты жаңадан салынды. Ауыл көшесіне ұзындығы 1 шақырым асфальт жол төселіп, абоненттік телефон байланысы, спутниктік жүйедегі «Рутель» телефон қондырғысы орнатылды. Осының бәрі Жақаң директор болып тұрған кезде оң шешімін тапқан игілікті іс еді. Бұдан кейін тоқырау заманына тұйықталған тұста қауымдастық төрағасының тұтқасын ұстады. Заман өзгерген жұмыссыздық саны көбейіп, ел абдырап қалған кез болатын. Жалақы мен зейнетақы айлап төленбей, ауыл халқы жүдеген шақ. Бұрынғы қалыптасқан жүйе бұзылып, өмір жаңа бағыттарды ұсынған кез. Сайрап жатқан із жоқ, тыңнан түрен салуға тура келді. Осы тұста Жақаң қайтадан атқа қонып, Аманкелді ауылының әкімі болды. Бұл — 1997 жылдың маусымы еді.

Ауыл халқын сабырлыққа шақырып, өтпелі кезеңнің қиындықтарын жеңуге тырысты. Нарық заманының қиындығына қарамастан тозығы жеткен Мәдениет

үйін демеушілердің көмегімен күрделі жөндеуден өткізіп, мешіт құрылысын жасады. Сол жылы сәулеті сәңгірлеген мешіт үйі бой көтерді. Бұрынғы тұрмыс қажетін өтеу ғимаратын шағын клуб үйі мен кітапханаға айналдырып, қайта жөндеуден өткізді. «Ауыл жылы» бағдарламасы аясында су құбыры желісін тартқызып, ауыл тұрғындарын таза ауызсумен қамтамасыз етті. Осындай ерен еңбегі Жақаңның ауыл халқы алдында абыройын асқақтатты. Тағы бір мәртебесін шарықтатқан кез Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 1993 жылы 15 қыркүйекте Ұлытауға келген күні. Сол кезде Жақыпбек Дайырұлы Аманкелді кеңшарының директоры еді. Хан Ордасына ақшақан киіз үй тіктіріп, киелі орынның құндылықтарын көрсетіп, ел Президентін қарсы алды. Сол жолы Елбасы Ұлытаудың ұлылығына ерекше құрметпен қарады. Бұл да бір тағдырдың шарапаты шығар. Сондағы Елбасымен Жақаңның түскен фотосуреті қазіргі таңда құнды естелікке айналды.

Жақыпбек Дайырұлы лауазымды қызметтердің тізгінін берік ұстаған елге елеулі азаматтардың бірі - 35 жыл мемлекеттік қызметте, 11 жыл кеңшар директоры, 13

жыл ауыл әкімі болып 2010 жылы ел құрметіне бөленіп, құрметті демалысқа шықты. Мұның өзі зор мәртебе, үлгі өнеге. Халықтың алғысына бөлену іскер басшы бола білгендігінің айғағы.

Бүгінгі күні Жақаң Сарлық ауылында Ардагерлер кеңесінің төрағасы. Әлі де аудан көлемінде өтіп жатқан мәдени шаралардың басы-қасында жүріп, кеңінен ақылын аямайтын еңбек ардагері. Ел мен жер тарихын жетік білетін қазыналы ағамыз рухани дүниелерге жақын жүреді. Халқымыздың тарихи мұраларына аса мән беретін елге танымал өлкетанушы. Жұрт алдында сыйлы, бір әулеттің атасы, зайыбы Жүмекең екеуі айрандай ұйыған бақытты отбасы. Балаларының бәрі жоғары оқу орнын тәмәмдаған білікті мамандар. Тұңғыш ұлы Рүстем — «Қазақмыс» корпорациясында инженер, ортаншы ұлы Қуандық — шаруа қожалығының иегері, қызы Назгүл — республикалық балалар оңалту емханасында балалар дәрігері, кіші қызы Анар — жоғары білімді металлург, кенже ұлы Дархан — Жезқазған қалалық әкімдігінде бас маман. Қазіргі таңда Жақыпбек Дайыровтың әулеті — ел мақтанышына айналған ордалы отбасы. Тектіліктің тегеуріні мықты әулет.

Заман жаңғырығы

ОЙ СЕРГІТЕР, ОЙ ОРДАСЫ



Заманына қарай адамы:

— Малды сарып қылып ғылым табу керек.

— Ғылымсыз ақирет те, дүние де жоқ.

Абай, оныншы қара сөзі.

Шерхан Мұртазаның ертеде бір тойда берген бата-сы:

— Алла ауызыма не салса соны айтайын. Адамдық пен надандық араласқан заманда, Алла сендерді надандықтан сақтасын. Тектілік пен тексіздік текетірескен қоғамда, таңірі сендерді тексіздіктен сақтасын — деген екен.

Соған байланысты заманауи инновациялық мәтелдер: (Антонизм)

Абай атамның кейінде өларада айтқан сөзі:

Малынды сарып қылып ғылым іздегенше, жалғыз атынды сатып жұмыс тапқанын артық.

Сүйенерің мықты болса Генерал болу да қиын емес.

Енді, Шерхан ағаның ізімен:

Ұя басар азайып, ұя салмайтын көкектерден сақтасын. Фамилиясы бар да, әкесін көрмеген баладан сақтасын.

Дәм, жан азығын емес, тән азығын іздеп мұхит асқандардан сақтасын.

Бүгіндері құдайдың құлы емессің, банкінің құлысың. О дүниеде сенен сұрайтын — әңкір-мүңкір емес, енді банкі болмақ.

Жемқор, нашақордың сыпайысы.

Тар шалбар бұтты қысқанмен миды қыспайды.

Көйлек сататын дүкеннің сатушысы қалғып отыр.

Дән тапқан еңбекшіден, ән айтқан әнші артық.

Бір елдің қал-жағдайын білгің келсе, түрмедегі адамның санын біл.

Темірден болар көлігің.

Байқамасаң бір күні,

Қиылар содан өмірің.

Коррупция саясатқа жатпайды, ол да бизнестің бір түрі.

Ауадан ақша жасауға да болады екен.

Сенің күш қуатың еңбекпен, біліммен емес, парамен өлшенеді, ол математикалдағы “п” — “пи”-дің мәніне тең.

Кешегі түк білмес, бүгінгі ақылкеш.

Қалауын тапсаң қар жанар.

Ақысын берсең боқысын шығарады.

(Ақшасың берсең түрмеден де шығасың.)

Дөніккеннен құныққан жаман.

(Бұл үшеуі өз хаһында).

Сонымен ағайын:

— Ет қайнаса сорпа болады, Май қайнаса торта қалады, ал, мына қоғамда тексіздік жайласа не болады?! Қалғаны өз құзырларыңызда.

**Қадыр ҚҰЛАХМЕТ,
зейнеткер.
Жезді кенті.**

Мәдени мұра



Қайрат ЖҰМАБАЕВ

Өткен аптаның қасиетті жұма күні Жезді кенті асқақ рухтың құшағында тербелді. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай, кент мұражайының қақ төрінен Мәкен Төрегелдин дәрісханасы ашылды. Дәрісхананың ашылуы жақсы мен жайсаңдардың басқосқан алқалы жиынымен басталды.



ген тұлғаның тағзымды іс-әрекетінің бір ғана мысалы. Ал, қазір өзі ортамызда болмаса да уақытпен бірге өмір сүріп, ұрпақпен бірге жасап, адамдардың санасына мәңгі ғұмыр кешу — таңдаулы жандардың тағдырына бұйырған нығымет. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына, бүгін бірнеше буын ұрпақтардың өкілдері ата-бабаның естелігі, елесі қалған киелі орында кездесіп отырмыз. Тәуелсіздік, Бірлік, Ұрпақтар сабақтастығы әр қазақтың жүрегінің төрінен орын алар ізгі мұраттар. Сондықтан, бұл — басқосу Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған 25 жұлдызды күн шеңберінде ұйымдастырылып отыр.

Жиынға Жезқазған қалалық әкімдіктің, Ұлытау аудандық мәслихаттың, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің өкілдері мен мәдениет мекемелерінің басшылары, кент, село әкімдері, еңбек ардагерлері, БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын тізгінін ұстаған Мәкен Төрегелдин атындағы мұражайдың ғылыми кеңес мүшесі, Жезқазған мемлекеттік мұрағатының басшысы Бағдат Байжантаев өрнекті сөзбен ой толқытып, сөздің тиегін ағытты.

— Құрметті кездесуге қатысушылар, бүгінгі басқосудың аса терең тарихи маңызы, үлкен тәрбиелік ғибраты бар. Осыдан 15 жыл бұрын баршаңызға белгілі, ардагер ағамыз Мәкен Төрегелдин ел Тәуелсіздігінің 10 жылдығына 10 қарағай көшеттерін отырғызу жөнінде аудан әкіміне ұсыныспен шығып, бастама көтерген еді. Қарағай көшеттерін Көкшетаудан алып келуге Ұлытау ауданының әкімі арнайы көлік бөліп, осы мұражайдың іргесіне құрметтеп отырғыздық. Бұл осы мұражайға есімі беріл-

дықтан, бұл — басқосу Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған 25 жұлдызды күн шеңберінде ұйымдастырылып отыр.

Сіздерді халқымыздың ұлық мерекесімен аймақтағы мұражай, мұрағат, мәдениет мекемелері атынан құттықтауға рұқсат етіңіздер — деп, алқалы жиынның шымылдығын түрді. Бұдан кейін өрелі сөзді ғибратты оймен өріп, аудандық мәслихаттың хатшысы Талғат Сейтжанов, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің профессоры Ниязғали Жайсаңбаев, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Мырқы Ақпанбетов, Жезқазған тарихи — археологиялық мұражайының басшысы Зинаида Чумакова, Жезқазған, Ұлытау аймағының Құрметті азаматы Сағындық Қожамсейітов, Сәтбаев қаласындағы білім бөлімінің басшысы Берік Ақышбеков, Мәкен ағамыздың шәкірті Файзолла Әжібеков, «Алтын жүрек» сыйлығының иегері Ұлмекен Қожасова жұрт алдында өрелі сөздің



өрісін кеңейтіп, Мәкен Төрегелдиннің кісілік болмысын, адами қасиетін, қайраткерлік келбетін тың деректермен аша түсіп, асқақтата сөйледі. Дәл сол күні мұражай асқақ рухтың құшағында толқыды.

позиция бөлімінің меңгерушісі Үрзипа Қапарова таныстырды. Мәкен ағамыздың қойын дәптерін қолына алып Үрзипа ұзақ толқыды. Тебіренді. Жанарына жас үйірілді. Бұл абзал ағаға деген сағыныштың толқуы еді. Таныстыру

тар Жезді мұражайының мәртебесін Алты Алашқа асқақтатып тұр. Бұл сөз жоқ, Мәкен Төрегелдиннің ерен еңбегі, төгілген тері. Елін сүйген жүректен ел сүйісінер іс туады деген осы. Ұлтжанды азаматтың өркенді ісі заман көш ілгері жылжыған сайын өркендеп, биіктеп ұлағатты жолға айналды. Әр іске жалаң ұранмен емес, жанашырлықпен қарап, ел келешегіне, кейінгі толқынға зор мұра қалдырды. Тарихы терең, тұғыры биік Мәкен Төрегелдин мұражайы ғасырдан-ғасырға құнды мұраларымен бой ұра алады. Ол — ақиқат! Ал, Мәкен ағамыз тасты жарып шыққан емен секілді кесек тұлға. Әр тұлғасы, жаратылысы, кісілік болмысы мүлдем бөлек. Сондықтан болар, көзден кетсе де, көңілден кетпейді. Ол кісі өз тіршілігінде парасатты өмір сүріп, атақ-



Келесі кезекте жиынға қатысушылар мұражай ғимаратындағы дәрісхананы тамашалады. Осы дәрісханадан көгілдір экран арқылы Мәкен ағамыздың өз дауысын естіп, тәлімді де тағылымды әңгімелерін тыңдадық. Дәрісхана шағын бөлме болғанымен құнды деректерге, ұлағатты сөздерге, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларға толы екен. Сөз орайы келгенде айта кетейік, бұл дәрісхана келешекте жоғары оқу орындарының студенттері дәріс алатын дәрісхана болмақ. Бүгінгі шара соның бастауы. Бізді дәрісхана жұмысымен мұражайдың ғылыми және экс-



барысында елін сүйген емен тұлғаның көзі тірісінде бағындырған биігі мен жетістіктерін атап өтті. Ол кісінің қойын дәптеріне жазылған Әзірет Әлидің 10 жауабын оқып, дәрісхана төріне іліп қоюға шешім қабылдады. Сонымен қатар, осыдан 22 жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жезді мұражайына арнайы сапармен келіп, Мәкен Төрегелдинмен ашық-жарқын әңгімелескен сәтін тілге тиек етті. Сол жолы Елбасының көңілі толып, «Музей сәл оқшаулау орналасқаны болмаса тау-кенісінің, әсіресе, металлургия өндірісінің тарихын насихаттайтын республикадағы бірден-бір орын екен» - деп, жоғары бағалапты.

Бүгінгі күні металлургия өндірісінен сыр шертетін экспонат-

даңқа да иеленді. Көзі тірісінде Жезді, Ұлытау аудандарының, Түркістан қаласының Құрметті азаматы, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің Құрметті профессоры атанды. Тізе берсек, орден-медалдары, абырой атағы жетерлік. Бір атан түйе жүк боларлықтай.

Биыл есімі елге мәшһүр, елеулі тұлғаның өмірден озғанына 10 жыл толды. Жиын соңында Жезді кентіндегі «Мақпал» дәмханасында асыл аға рухына құран бағышталып, ас берілді. Осындай игі шараға, сауапты іске мұрындық болған Зейіп Қазанбаева басқаратын мұражай ұжымы. Қорыта айтқанда, бұл басқосу мүлдем бөлек, өзгеше формада өтті.



Мәдени мұра

Экспедицияның алғашқы күні Қызылорда облысының Абай ауылында болдық. Ауылдан жәдігерлер жиналды. «Ұлытау» елді мекені туралы хабардар еттік. Келесі күні Қызылорда қаласына келіп, Қызылорда «Қазқайта жаңарту»

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ

ториясында археологиялық қазба жұмыстары жүріп жатыр екен. Қазіргі күнде Қызыл қорған қалашығы орны қазылу-да. Көптеген жәдігерлер атап айтар болсақ қыш құмыралар,

сәтті ұйымдастырылды

республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда облыстық филиалына барып, директор Шыңғыс Қанатбаевпен танысып, өзара пікір алмастық. Ұлытау жеріндегі тарихи орын Жошы мазарын қоршауға алу

Жуырда «Ұлытау» қорық-мұражайы этнографиялық экспедиция ұйымдастырды. Негізгі бағыты «Ұлытау-Қызылорда-Отырар-Ордабасы-Түркістан-Шымкент-Тараз». Мақсаты — осы бағытта орналасқан музейлермен және қорық мұражайлармен өзара іс-тәжірибе алмасу және жәдігер жинау.

май шамдар, сферокунар, табақшалар, қыш дастархан бөлшегі, құмыра сынықтары т.б. да бұйымдар көптеп табылуда. Өте құнды жәдігердің бір бөлшегі ретінде май шам мен сферокунардың бір бөлшегі мұражай қорына алынды.

Келесі күні жәдігер жинау және өткен тарих жолдарын іздестіру мақсатында Жамбыл облысы Сарысу ауданы Саудакент елді мекеніне барып, ел анасы жасы тоқсаннан асқан Рымжан анадан 1929-32 жылдары Бетпақдала арқылы



үшін жасалынып жатқан қоршаулар сапасын көріп, жұмыс барысымен таныстық.

Қызылорда облыстық өлкетану мұражайында болдық. Мұражайдың директорының

жол тарттық. Қазақ қолөнерінің, оның ішінде кілем тоқудың орталығы ретінде өнерді сақтаған елді мекендерге экспедициямыз жалғасты. Әрбір үйде тоқыма кілемдер тықыр кілемшелер кездеседі. Шиелі ауданының елді мекендері

Гигант, Бестам, Ө.Тәжібаев (Телкөл), Алғабас ауылдарына барып, тұрғын үйлерді аралап, қазақ халқының салт-дәстүрін сақтау мақсатында көнерген, ата-бабалар пайдаланған заттарды жинастырдық. Тоқыма кілемдер, бау-басқұрлар, келі-келсаптар, тас диірмендер, күбі-піспегімен, ұршықтар, кілем тоқитын тарақтар, білезік, жүзіктер, мыс ожау, кепсер, шапашот сияқты өте құнды жәдігерлер жинақталды.



орынбасары Ахметова Жаннат Дәуренқызына қызына жолығып, өңір тарихын зерттеу мақсатында шекаралас жатқан елмен «Бұланты шайқасы» болған қазақ тарихының зерттелмеген ашылмаған беттерін нақты дәлелдермен ашып көрсету негізінде қызылордалық мұражай қызметкерлерімен кездесіп ой бөлістік. Ұлытау мұражайында өткен халықаралық конференция жинағы «Бұланты шайқасы» кітабы сыйға ұсынылды. Мұражайдың жаңа экспозициясының ғылыми қызметкері Сағитжанова Эльзира Нағашыбайқызының түсіндіруімен араладық. Мұражай қорын көріп әртүрлі этнографиялық жәдігерлердің топта-сымен таныстық.

Келесі күні Шиелі ауданына

Атап айтсақ, көнекөз қариялар Гигант ауылынан Ержанова Құрманкүл, Шадиева Оразкүл, Шиелі ауылынан Мырзалиева Зиткен, Аршагүл Бейсенбайқызы, Өтебаева Үмсінай, Сыздыкова Ділдаш, Өтегенова Амина, Биғанша Нысанбайқызы, Халифа Ажарбаева, Құлжанова

масы, құмыра күйдіретін пеш орны сияқты істер атқарылған екен. Әріптесіміз Е.Шоқайдың айтуынша, желтоқсан айында этноқешеннің ашылуы болмақ. Сонымен қатар қор жәдігерлерін қайта жаңғырту жұмыстары бойынша да іс-тәжірибе алмасылды.



Фатима, Алайдарова Бибисара, Жұмабекова Құндызай сияқты абзал жандар болды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық тағам түрлерінің жасалу, дайындалу жолдары жинақталған.

Экспедиция өз жұмысын «Отырар» қорық мұражайында жалғастырды. Мұнда директор орынбасары Серік Ақылбек, есепші Ұлбала және бас қор сақтаушы Ералы Шоқаймен пікірлесіп, «Бұланты шайқасы»

кітабы сыйға тартылды. Мұражайдың жаңа экспозициясы жабдықталу үстінде екен. Қор жәдігерлерін сақтау, өңдеу жолдарының тәсілдерімен танысып, құмыра жасау станогымен күйдіру пешінің жасалу технологиясымен таныстық.

ЭКСПО-2017 қарсаңында мұражай жанынан этноқешен орталығын ашу жұмыстары қолға алынып, көптеген алтыбақан, ұста қой-

«Өзірет-Сұлтан» Түркістан қорық мұражайына жолығып, директордың орынбасары Есжан Ержанмен тарихи ескерткіштерді құжаттандыру жұмыстары бойынша өзара пікір алмасып, қор бөлімі қызметкерлерінен қазақтың зергерлік бұйымдарын жинақтау, сақтау іс-шаралары бойынша тәжірибе алмасты.

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорық мұражай директоры Т.Молдакынов қабыл-

Арқадан үдере көшкен қалың қазақтар өмірі жайлы мәліметтер жинастырылды. Экспедиция барысында Тараз өңірінен де көптеген құнды жәдігерлер ағаш шара, түкті кілем, мыс табақ, кимешек, ұршық, білезік, жүзіктер т.б. жинақталды. Міне, бірнеше күндер бойы жүріп өткен этнографиялық экспедиция нәтижесінде жүзден аса жәдігер жиналып, мұражай қоры толығымен түскендей.



Н.РАЙЫМОВА,
«Ұлытау» қорық-мұражайының қызметкері.

Суреттерде: экспедиция кезінде жинақталған жәдігерлерден көрініс.

МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ



ОБ ОКАЗАНИИ ГАРАНТИРОВАННОЙ ГОСУДАРСТВОМ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ

Азаматтардың білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етудегі басты рөл, ал заңмен көзделген жағдайларда тегін заң көмегін көрсету адвокатураға тиесілі. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы заңнаманы және азаматтардың білікті заң көмегін алудағы құқықтарын жүзеге асыру механизмдерін жетілдіру үшін 2013 жылы 3 шілдеде Қазақстан Республикасының «Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы» Заңы қабылданды (одан әрі - Заң).

Заңның 9-бабының 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның мемлекет кепілдік берген заң көмегіне теңдей қол жеткізуге құқығы бар. Жоғарыда көрсетілген Заңның 6-бабына сәйкес, мемлекет кепілдік берген заң көмегі: құқықтық ақпарат беру, құқықтық консультация беру; Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіпте жеке тұлғалардың мүдделерін соттарда, қылмыстық ізге түсу органдарында, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда қорғау және білдіру; жеке сот орындаушыларының алименттерді және жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау бойынша «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен мәжбүрлеу шараларын қолдануы түрінде көрсетіледі.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегі: өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен; осы Заңда, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіпте адвокаттармен; «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда және тәртіпте нотариустармен; «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда және тәртіпте жеке сот орындаушылары көрсетіледі.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін құқықтық ақпарат беру түрінде тегін алуға, тұрғылықты жеріне және орналасқан жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның өкілі оның мүддесіне орай заңда белгіленген тәртіпте өтініш жасап жүгіне алады.

Мемлекеттік органдармен құқықтық ақпарат беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегі өз құзыреті шегінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

Адвокаттар мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін субъектілер ретінде Заңда, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіпте жеке тұлғаларға мемлекет кепілдік берген тегін заң көмегін көрсетеді.

Адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы қамтамасыз етеді.

Адвокаттардың ауылдық елді мекендерде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуін облыстың адвокаттар алқасы қамтамасыз етеді.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу құқығын растайтын құжаттар:

- соттар асыраушысының қайтыс болуы, жұмыспен байланысты мертігуі немесе денсаулығының өзгедей зақымдануы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қараған кезде - өндірістегі жазатайым оқиға туралы акті;

- соттардың қарап жатқан даулары кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса: Ұлы Отан соғысының қатысушылары үшін - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің органдары беретін Ұлы Отан соғысы қатысушысының куәлігі; Ұлы Отан соғысының мүгедегі үшін - Қазақстан Республикасы халықты әлеуметтік қорғау органдары беретін соғыс мүгедегінің куәлігі; Ұлы Отан соғысының қатысушылары немесе мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін - зейнеткерлік құжат; мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін - уәкілетті орган берген әскери билет; I және II топтардағы мүгедектер үшін - мүгедектігі туралы анықтама; жасы бойынша зейнеткерлер үшін - зейнеткер куәлігі.

Алименттер өндіріп алу мәселелері бойынша - баланың (балалардың) туу туралы куәлігі. Зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау мәселелері бойынша - азаматтың жеке басын растайтын құжат.

Ақтау мәселелері бойынша: қылмыстық және әкімшілік процесті жүргізетін органның заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша-ақтау фактісін растайтын немесе сотқа дейінге тергеудің тоқтатылуы бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істің тоқтатылуы немесе қылмыстық немесе әкімшілік іс бойынша өзге де заңсыз шешімдерді жою немесе өзгерту туралы іс жүргізу актісінің көшірмесі; елден аластату, тұратын жерлерінен немесе мекен еткен аудандарынан аулақтатылу (айдауға немесе жер аударуға жіберу) арнайы қоныс аударуға жіберу түріндегі саяси қуғын-сүргіндердің қолданылғанын растайтын құжаттар, осындай құжаттар болмаған жағдайда, олардың жойылып жіберілуіне байланысты, адамның қуғын-сүргіндер акцияларының салдарынан Қазақстанның аумағында нақты тұрғанын анықтайтын құжат.

Босқын мәртебесін алу мәселелері бойынша - «Пана іздеген адамның куәлігі үлгісін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы №328 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер реестрінде №9592 тіркелген) нысанға сәйкес пана іздеген адамның куәлігінің үлгісін қоса бере отырып, Ішкі істер органдары беретін Қазақстан Республикасында пана іздеген адамның куәлігі.

Оралман мәртебесін алу мәселелері бойынша - Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған және тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстанға келген және «Халықтың көш-қоны туралы» 22.07.2011ж. Қазақстан Республикасының Заңның 8-бабы 5) тармақшасында көзделген тәртіпте өңірлерге қоныстандырылған этникалық қазақтың жеке басын анықтайтын құжат.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көмелетке толмағандар мәселелері бойынша: Баланың: ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына; хабарсыз кеткен деп танылуына; қайтыс болған деп жариялануына; әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына; бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне байланысты жалғыз екі ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айыру туралы сот шешімі; бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуын растайтын құжат.

Қылмыстық, әкімшілік және азаматтық іс жүргізуде жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау немесе өкілдік ету мәселелері бойынша - қылмыстық процесті жүргізуші органның қаулысы, судьяның әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулысы, соттың немесе судьяның адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшесі арқылы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте қорғаушы немесе өкіл ретінде адвокаттарды ұйымдастыру туралы қаулысы.

Қазіргі уақытта Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының құрамында 17 заң консультациялары және 15 адвокаттық кеңселер бар, барлығы 539 адвокат қызметін жүзеге асырады. Мемлекет кепілдік берген заң көмегінің барлық түрлері бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі - Әділет министрлігі, ал жергілікті жерлерде - аумақтық әділет органдары болып табылуына байланысты облыстық адвокаттар алқасымен ұсынылған тізімге сәйкес, кепілдік берілген заң көмегін жүзеге асыру жүйесінде селолық аудандарды қамти отырып Әділет департаменті адвокатпен 324 келісім жасаған.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу мәселелері бойынша кеңестерді Қарағанды облысының Әділет департаментінде Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11а үй мекен-жайы бойынша (тел.42-00-62), Қарағанды облыстық адвокаттар алқасында Қарағанды қаласы, Крылов көшесі, 11 үй мекен-жайы бойынша (тел.41-58-94) алуға, немесе сұрақты Қарағанды облысының Әділет департаментінің ресми сайтында (www.krg.adilet.gov.kz) жариялауға болады.

**Қарағанды облысының
Әділет департаменті.**

Особая роль в обеспечении конституционного права граждан на получение квалифицированной юридической помощи, а в предусмотренных законом случаях бесплатной юридической помощи, принадлежит адвокатуре. Для совершенствования действующего законодательства в сфере оказания гарантированной государством юридической помощи и механизма реализации права граждан на получение квалифицированной юридической помощи 3 июля 2013 года был принят Закон РК «О гарантированной государством юридической помощи» (далее-Закон).

В соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 9 Закона лицо, нуждающееся в гарантированной государством юридической помощи, имеет право равного доступа к гарантированной государством юридической помощи.

Согласно статье 6 вышеуказанного Закона на гарантированная государством юридическая помощь оказывается в виде: правового информирования; правового консультирования; защиты и представительства интересов физических лиц в судах, органах уголовного преследования, иных государственных органах и негосударственных организациях в случаях и порядке, установленных Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан; принятии принудительных мер по исполнению исполнительных документов частными судебными исполнителями о взыскании алиментов и заработной платы в порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей».

Гарантированная государством юридическая помощь оказывается: государственными органами в пределах своей компетенции; адвокатами, в случаях и порядке, установленных Законом, Законом Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности» и иными законодательными актами Республики Казахстан; нотариусами в случаях и порядке, установленных Законом Республики Казахстан «О нотариате»; частными судебными исполнителями в случаях и порядке, установленных Законом Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей».

Право на получение гарантированной государством юридической помощи бесплатно в виде правового информирования имеют все физические и юридические лица на территории Республики Казахстан независимо от места жительства и места нахождения. В интересах лица, нуждающегося в гарантированной государством юридической помощи, с ходатайством может обратиться его представитель в порядке, установленном законом.

Государственными органами гарантированная государством юридическая помощь в виде правового информирования оказывается в пределах их компетенции в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О доступе к информации».

Адвокаты как субъекты оказания гарантированной государством юридической помощи оказывают физическим лицам бесплатную гарантированную государством юридическую помощь в случаях и порядке, предусмотренных Законом, Законом Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности» и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

Участие адвокатов в оказании гарантированной государством юридической помощи обеспечивается коллегией адвокатов области, города республиканского значения, столицы.

Оказание гарантированной государством юридической помощи адвокатами в сельских населенных пунктах обеспечивается коллегией адвокатов области. Документами, подтверждающими право на получение гарантированной государством юридической помощи являются:

- при рассмотрении судами споров о возмещении вреда, причиненного смертью кормильца, увечьем или иным повреждением здоровья, связанным с работой - акт о несчастном случае на производстве; при рассмотрении судами споров не связанных с предпринимательской деятельностью: для участника Великой Отечественной войны - удостоверение участника Великой Отечественной войны, выдаваемое органами Министерства обороны Республики Казахстан; для инвалида Великой Отечественной войны - удостоверение инвалида войны, выдаваемой органам социальной защиты населения Республики Казахстан; для лиц, приравненных к участникам или инвалидам Великой Отечественной войны - пенсионное удостоверение; для военнослужащих срочной службы - военный билет, выдаваемый

уполномоченным органом; для инвалидов I и II групп - справка об инвалидности; для пенсионеров по возрасту - пенсионное удостоверение.

По вопросам взыскания алиментов - свидетельство о рождении ребенка (детей). По вопросам назначения пенсий и пособий - документ, удостоверяющий личность гражданина. По вопросам реабилитации: по вопросам возмещения вреда, причиненного незаконными действиями органа, ведущего уголовный и административный процесс - копия процессуального акта, подтверждающего факт оправдания или прекращения досудебного расследования, или прекращения дела об административном правонарушении или об отмене или изменении иных незаконных решений по уголовному или административному делу; по вопросам реабилитации жертв массовых политических репрессий - документ, подтверждающие применение политических репрессий в виде изгнания из страны, или удаления из мест проживания или районов обитания (ссылки или высылки), или направления на спецпоселение, в случае отсутствия таких документов, в связи с их уничтожением, документ подтверждающий факт проживания лица на территории Казахстана вследствие репрессивных акций. По вопросам получения статуса беженца - свидетельство лица, ищущего убежище в Республике Казахстан, выдаваемое органами внутренних дел, согласно форме, утвержденной приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 9 июня 2014 года № 328 «Об утверждении образца свидетельства лица, ищущего убежище» (зарегистрированный в реестре нормативных правовых актов за № 9592) с приложением к образцу. По вопросам получения статуса оралмана - документ, удостоверяющий личность этнического казаха, постоянно проживавшего на момент приобретения суверенитета Республикой Казахстан за ее пределами и прибывшего в Казахстан с целью постоянного проживания на исторической родине и расселившегося в регионе в порядке, предусмотренном подпунктом 5) статьи 8 Закона Республики Казахстан от 22 июля 2011 года «О миграции населения». По вопросам несовершеннолетних, оставшихся без попечения родителей: решение суда о лишении попечения ребенка единственного или обоих родителей в связи с: ограничением или лишением их родительских прав; признанием безвестно отсутствующими; объявлением умершими; признанием недееспособными или ограниченно дееспособными; отбыванием наказания в местах лишения свободы; документ, подтверждающий уклонение от воспитания ребенка или защиты его прав и интересов, в том числе об отказе взять ребенка из воспитательной или медицинской организации. По вопросам защиты или представительства интересов физических лиц в уголовном, административном и гражданском судопроизводстве - постановление органа, ведущего уголовный процесс, постановление судьи, органа (должностного лица), уполномоченного рассматривать дела об административных правонарушениях, определение суда или судьи об обеспечении через профессиональную организацию адвокатов или ее структурное подразделение адвоката в качестве защитника или представителя в случаях и порядке, установленных законодательными актами Республики Казахстан.

В настоящее время Карагандинская областная коллегия адвокатов имеет в своем составе 17 юридических консультаций и 15 адвокатских контор, всего осуществляют деятельность 539 адвоката. Так как администратором бюджетных программ по всем видам гарантированной государством юридической помощи является Министерство юстиции, а на местах - территориальные органы юстиции, департаментом юстиции, согласно списку, предоставленному областной коллегией адвокатов, заключены соглашения с 324 адвокатами, участвующими в системе оказания гарантированной юридической помощи, с охватом сельских районов.

Консультации по вопросам получения гарантированной государством юридической помощи можно получить в Департаменте юстиции Карагандинской области по адресу: г.Караганда, ул.Жамбыла, д.11а, тел.420062, в Карагандинской областной коллегии адвокатов по адресу: г.Караганда, ул.Крылова, д.11, тел.415894, либо опубликовать вопрос на официальном сайте Департамента юстиции Карагандинской области: www.krg.adilet.gov.kz.

**Департамент Юстиции
Карагандинской области.**

ТҰҒЫРЫ МЫҚТЫ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ



Барша ұлтты бауырына басқан бауырмал қазақ халқы біреуді артық, біреуді кем деп көрмеген. Татулық пен достықта тұруды ежелден серік еткен. Қазақстан - өз ұлты, халқы, діні, тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар құдіретті ел. Қазаққа тән ата-бабаларымыздан қалған ар-намыс, жігер-қайрат, қайтпас қанат мұра ретінде келешек ұрпаққа дейін жеткен. Тарихқа үңіле отырып: «Кеше кім едік, бүгін кімбіз, ертең кім боламыз?» - деп ойлансақ, бұл - туған елінің, халқының өткені мен келешегіне көз жіберген әрбір азаматтың жүрек түкпіріндегі сөзі. Қазақ елі тәуелсіз болса деген арман ұшқын шашса, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Қазақ елінің соңғы жиырма бес жыл тұтқасын ұстап, туын көтерген тұрлаулы да тұғырлы тұлғасы – туңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен әлем мойындаған, жаһанға аты жеткен мемлекетке айналды.

Ұлы даланың тағдыр-тарихын барлық дем тынысымен түсініп, елінің ендігі тарихын сол ұлылар рухында одан әрі жаңғырта, жасарта алып кететін ер, көзсіз батыр, тап-таза ар - намыстан жаралған қайтпас-қайсар қайраткер, елін басқарып, қос батырдың ісін істей алатындай ерекше тұлғаны тап басып тандап, тағдырын қолына бергенінде жаза басып жаңылған жоқ еді.

Нұрсұлтан Әбішұлы — жер бетіне сөзін өткізіп отырған бүгінгі заманның көрнекті саясаткері, Қазақстанның тәуелсіз мемлекетін құрудың басында тұрған, осы жолдағы не қилы тар жол, тайғақ кешуді халқымен бірге өтіп, қиыншылықтарын бөліскен, бүгінде әлем мойындап отырған жаңа мемлекетті қалыптастырған, оған жаңа Астана жасап, жаңа қала тұрғызған, қазіргі елді индустрияландырудың жаңа жобасын өмірге келтіріп, болашаққа бағыттап бара жатқан ұлы тұлға, төрт құбыланы түгендеп, кемел ойлы, кемеңгер ата-бабаларымыздың жолымен жүрген, қасиет дарыған қайраткер.

Тарихтың тағдыр-талайы шешуші сәтінде мемлекет басына келіп, шексіз ұлтжандылықпен рух биіктігін көрсетіп, елін өрлеу мен гүлдену жолына түсіріп, іркілмей бастап келе жатқан ізгі жан туралы жылы лебіздерді көптеп келтіруге болады. Соның бірі 2015 жылы қазақ халқына жариялаған «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспары. «100 нақты қадам» елімізге «2050-Стратегиясын» жүзеге асыру мен Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын беріктік қорын жасап беретін болады. Жоспарлардың негізгі мақсаты «аурулардың сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды «жүйелі емдеу» болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды.

Президент боламын деген кісі ақылы мен қайратын, жерірін, ірі саясаткер талантымен, ел басқару ісіндегі мол тәжірибесімен ұштастыра отырып, елдің бірлігі, халықтың тыныштығы, мемлекеттің тәуелсіздігі мен қадір-қасиетінің артуы үшін еңбек етуі шарт. Нұр-

сұлтан Назарбаев бұл шарттардан мүдірмей өтті, ол елдің, мемлекеттің ақыл-ойын байытуға, абыройын асыруға, ар - ожданан ардақтауға қызмет етті және қызмет етіп келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сара басшылығымен демократиялық құндылықтарды құрметтеу, ашық қоғам құру, адам құқын қорғау мен сөз бостандығын өркеніет өрісіне сай қамтамасыз ету салаларында ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға жетті. Еліміздің экономикасын көтеріп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру, саяси реформалар жүргізіп, басқарудың тиімді тетіктерін қалыптастыру бағыттарында да қомақты шаруалар атқарылды.

Республикамыз қазірге дейін бірқатар халықаралық ауқымды шараларға бастамашы болып үлгерді. Әлемдік, өңірлік деңгейдегі құрылымдарды өмірге әкелудің көш басында жүрді. Ел ішіндегі этносаралық татулық пен дінаралық келісім үдерістері өзгелерге үлгі етерліктей дәрежеге көтерілді. Дүниежүзілік, аймақтық қауыпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы күш-жігеріміз де халықаралық қоғамдастық тарапынан оң бағаланып келеді. Жер шарының көптеген мемлекеттерімен тек достық, ынтымақтастық тұрғысында қарым-қатынас орнаттық.

Кеңес өкіметінің құлаған сарайын күреп тастап, ата-бабамыздың ақбоз үйін тіге қою оңай болған жоқ. Елбасы егемендігіміздің алғашқы күнінен бастап, жатса-тұрса ойлайтыны да, айтатыны да көпұлтты еліміздің тыныштығы мен бірлігін сақтап қалу болды.

Халықты аштыққа, жалаңаштыққа ұрындырмай, қиын өткелден алып шығуының бірден-бір жолы — шетелдердің қаржысын Қазақстанның экономикасын өркендетуге жұмсау, өзіміздің теңгемізді тұрақтандыру, дамыған елдермен байланыс жасап, жер бетінде Қазақстан атты мемлекеттің барын таныту болды. Өтпелі кезең қиыншылықты болғанмен, мемлекеттің алдындағы өзекті мәселелерде Елбасы бірден-бір баянды бағыт ұстанды. Мемлекеттің қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын қалыптастыруда бұрын-соңды болмаған жетістікке жетті. Жаңа басқару жүйесі, оның басқарушы, бақылаушы және атқарушы органдары мен институттары құрылды. Қазақ елінің территориялық тұтастығының, біртұтас мем-

лекеттігінің заңды негізі қаланды.

Ел егемендігін алысымен, БҰҰ-ға мүше етіп енгізді. Қазақстан осы күннен бастап және жер жүзіндегі жүзден астам ел таныған Егемен ел болды.

Президентіміздің ел тәуелсіздігінен кейін ең бір батыл, шешімді - астананы Ақмолаға көшіруі. Қайда жүрсе де, кіндік кесіп, кір жуған туған жерін ойлаған азамат оның ертеңгі өмірін де қамдап ойлайды. Астананы Алатаудың бауырынан Арқаға ауыстыру оңайға түскен жоқ. Арқа төсіне қоныс аударған Елордаға бақ пен дәулет тілеген Елбасы: «Бұл болашағымызға керек, қызығын келер ұрпақтар көреді», - деген болатын.

Бүгінде әр қазақтың жүрегінде отансүйгіштік деген ұлы сезім ұлғая түсті, көңілге қонып, тамыры терең «Бәйтеректей» шартарапқа құлаш жайды. Қазақ халқының санасына Астана бірлігіміз бен тіршілігіміздің айшықты белгісі - символы болып қалыптасты. «Астана - тәуелсіздік тақ-тұғыры, Бар Қазақ арман жолын басқарады» - десек, шын мәнінде, Астана ұлтымыздың, мемлекетіміздің мызғымас тақ-тұғырына айналды. Әр мемлекеттің астанасы — оны биіктерге бастайтын баспалдағы, беделі мен берекесінің діңгегі. Астана әр қазақтың жүрек түкпірінен орын алатын киелі мекен. Астананың символы — «Бәйтерек» монументін бүгінде көптеген мемлекеттердің азаматтары біледі. Президенттің айтуынша, бұл құрылыстың мәні үш негізгі философиялық құрылымды білдіреді: жер, өмір және аспан. Сарыарқа төрінен ұлттығымызға ұлы шаңырақ көтеру — Тұңғыш Президентіміздің кемеңгерлігі, көрегендігі. Біздің Президентімізді дүниежүзі таниды және оны өз бауырындай, досындай, ақылшысындай, тіпті өздерінің басшысындай көретінін мақтан тұтамын. Елбасы Ұлытау өңірінде әрқашан ұмытпай, еліміздің киесі және кіндігі қасиетті Ұлытауға келіп тағзым етуді де естен шығармайды.

Елбасы өмірі мен қызметі елі мен жері, оның болашақ дамуына арналған. Елбасының денсаулығы, мықты болып тәуелсіз еліміздің мәртебесі биік болғай!

Е.КЕНЖЕҒАЛИ,
Ұлытау ауданы
прокуратурасының
іс жүргізушісі.

«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР КАРТАСЫНЫҢ» МҮМКІНДІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Елбасының «100 нақты қадам» - Ұлт жоспарымен бес институционалдық реформаларды жүзеге асыруға, қоғам алдында ішкі істер органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге және бақылау мүмкіндігін беру мақсатында «Қылмыстық құқықбұзушылықтар картасы» интернет-порталын құру қарастырылған.

«100 нақты қадам» - Ұлт жоспарының 32-ші қадамына сәйкес, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет сайтының «Ақпараттық сервис» бөлігінде (электрондық мекен-жайы <http://service.pravstat.kz>) «Қылмыстық құқық бұзушылық картасы» интернет-порталы жасалған.

Интернет-порталдың негізгі дереккөзі Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде (СД-ТБТ) тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер болып табылады.

Карта барлық тұлғаларға ғаламтор арқылы онлайн режимінде статистика түріндегі қылмыстылық туралы мәліметтермен танысуға, сондай-ақ ең криминогенді деген учаскілерді көруге мүмкіндік береді.

Портал екі бөлікке бөлінген: ашығы - азаматтарға, жабығы - құқық қорғау органдары қызметкерлеріне. «Қылмыстық құқық бұзушылықтар картасының»

енгізілуімен елдің барлық өңірі бойынша, облыс бөліністерінде, аудандарда және қажет уақыт аралығында (жыл, ай, күн, сағат) онлайн режимінде қылмыстылық жағдайының тым тереңдетілген талдауын жүргізу мүмкін болып отыр. Одан бөлек, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті бірлестіктерге есеп беретін жергілікті полиция қызметі жұмыс жасай бастағандықтан, карта әкімдер мен жұртшылыққа ішкі істер органдары жұмыстарының тиімділігін бақылауға және олардың жұмысына баға беруге мүмкіндік береді.

Облыс бюджетінен электронды картада көрсетілген 9 облыстық маңыздылығы бар қалалар мен 9 аудан орталықтарын жаңғыртуға 40 млн. 966 мың теңге көлемінде қаржылық құралдар бөлінген. Елді мекендердің векторлы картасын жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді.

Картада Қарағанды облысы бойынша барлық қалалар мен облыстың аудан орталықтары енгізілген. Бұдан әрі Қылмыстық құқықбұзушылық картасы ауылдық округтерге дейін кеңейтілетін болады.

Б. БЕГАЕВ,
Ұлытау ауданы бойынша
ҚСЖАЕ саласындағы
заңдылықты қадағалау
жөніндегі прокуроры.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамуы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, зарсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі — ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және Заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние — байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де Жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндет санайды.

А.ҚАЛЕКЕНОВА,
Ұлытау аудандық сотының бас маманы.

«МЕДИЦИНАЛЫҚ - ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕ (ҰЙЫМДАРДА) АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚҰЖАТТАР РЕСІМДЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11342 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: медициналық - әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мерзімін көрсете отырып, құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) немесе Стандарттың 10 - тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (бұдан әрі - бас тарту туралы дәлелді жауап).

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін

ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды (бұдан әрі – құжаттар) ұсынуы.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде алынған құжаттар топтамасын тіркеу журналына тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарау үшін жолдайды.

Нәтижесі – тіркеу журналына жазу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдау;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 (бір) жұмыс күн ішінде құжаттар топтамасын қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды.

Нәтижесі – жауапты орындаушыға жолдайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 15 (он бес) жұмыс күн ішінде хабарламаны немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жолдайды.

Нәтижесі – хабарламаны немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің бас-

шысы 1 (бір) сағат ішінде хабарламаға немесе бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне тіркеуге жолдайды.

Нәтижесі – хабарламаға немесе бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде хабарламаны немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу журналына тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттауы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде алынған құжаттар топтамасын тіркеу журналына тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарау үшін жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің бас-

шысы 1 (бір) жұмыс күн ішінде құжаттар топтамасын қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 15 (он бес) жұмыс күн ішінде хабарламаны немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қою үшін жолдайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 (бір) сағат ішінде хабарламаға немесе бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне тіркеуге жолдайды;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде хабарламаны немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу журналына тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы осы регламентінің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

4. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік корпорациясымен көрсетілмейді.

Утвержден постановлением акимата Карагандинской области от 30 мая 2016 года № 37/03

РЕГЛАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ «ОФОРМЛЕНИЕ ДОКУМЕНТОВ на ОКАЗАНИЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ в МЕДИКО-СОЦИАЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ (ОРГАНИЗАЦИЯХ)»

1. Общие положения

1. Государственная услуга «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях)» (далее – государственная услуга).

Государственная услуга оказывается местными исполнительными органами районов и городов областного значения (далее - услугодатель) в соответствии со стандартом государственной услуги «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях)», утвержденного приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 апреля 2015года № 279 «Об утверждении стандартов государственных услуг в социально-трудовой сфере» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 11342) (далее - Стандарт).

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через услугодателя.

2. Форма оказания государственной услуги - бумажная.

3. Результат оказания государственной услуги: уведомление об оформлении документов с указанием срока оказания специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях) (далее-уведомление), или мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги в случаях и по основаниям, предусмотренным пунктом 10 Стандарта (далее - мотивированный ответ об отказе).

Форма предоставления результата

оказания государственной услуги: бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры по оказанию государственной услуги является предоставление документов, указанных в пункте 9 Стандарта (далее - документы).

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 (тридцати) минут регистрирует в журнале регистрации полученный пакет документов и передает на рассмотрение руководителю услугодателя.

Результат - запись в журнале регистрации и направление руководителю услугодателя;

2) руководитель услугодателя в течение 1 (одного) рабочего дня рассматривает пакет документов и определяет ответственного исполнителя услугодателя.

Результат – направляет ответственному исполнителю услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней оформляет уведомление или мотивированный ответ об отказе и направляет на подписание руководителю услугодателя.

Результат – направляет уведомление или мотивированный ответ об отказе для подписания руководителю услугодателя;

4) руководитель услугодателя в те-

чение 1 (одного) часа подписывает уведомление или мотивированный ответ об отказе и направляет в канцелярию услугодателя.

Результат – подписание уведомления или мотивированного ответа об отказе;

5) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 (тридцати) минут регистрирует уведомление или мотивированный ответ об отказе в журнале регистрации и выдает результат государственной услуги услугополучателю.

Результат – выдача результата государственной услуги услугополучателю.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

1) специалист канцелярии услугодателя; 2) руководитель услугодателя; 3) ответственный исполнитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 (тридцати) минут регистрирует в журнале регистрации полученный пакет документов и передает на рассмотрение руководителю услугодателя;

2) руководитель услугодателя в течение 1 (одного) рабочего дня рассматривает

пакет документов и определяет ответственного исполнителя услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней оформляет уведомление или мотивированный ответ об отказе и направляет на подписание руководителю услугодателя;

4) руководитель услугодателя в течение 1 (одного) часа подписывает уведомление или мотивированный ответ об отказе и направляет в канцелярию услугодателя;

5) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 (тридцати) минут регистрирует уведомление или мотивированный ответ об отказе в журнале регистрации и выдает результат государственной услуги услугополучателю.

8. Подробное описание последовательности процедур (действий), взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги приведено в справочнике бизнес-процессов оказания государственной услуги согласно приложению к настоящему регламенту

4. Описание порядка взаимодействия с Государственной корпорацией «Правительство для граждан» и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

9. Государственная услуга Государственной корпорацией «Правительство для граждан» не оказывается.

«МЕН - ҚАЗАҚСТАНДЫҚПЫН, ҚАЗАҚСТАН — МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ!» АТТЫ ФОТОСУРЕТ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ



1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Мен - Қазақстандықпын, Қазақстан - менің мақтанышым!» атты фотосурет байқауының (әрі қарай - байқау) ұйымдастыру тәртібін қадағалайды.

1.2. Фотосурет байқауын ұйымдастырушылар: Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы; Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы (әрі қарай ОӘФК); Қарағанды облысының орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесі (әрі қарай - ОҚЖ).

1.3. Фотосурет байқауы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған.

1.4 Байқаудың мақсаты:

Жастар мен өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиемен сусындатып, оларды егемен еліміздің ертеңгі тұтқасы болуға дайындау;

1.5 Байқау міндеттері:

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі идеяларын насихаттау; жастарды шығармашылық тұрғысынан ынталандыру; Қарағанды облысы тұрғындарының арасынан бүгінгі Қазақстанға деген өз көзқарастарын фотосурет арқылы жеткізе білген қатысушыларды анықтап, қолдау көрсету; облыс кітапханаларында ақпараттық технология саласын дамыту.

1.6. Байқау келесі тақырыптар аясын қамтиды:

«Мәңгілік Ел — бұл біздің ғұмырымыз»; «Тәуелсіз Қазақстанның ескерткіштері»; «Тәуелсіздік нышандары жанындағы селфи»; «Тәуелсіздік — қас-қағым сәт»;

2. Ұйымдастыру комитеті

2.1. Байқауды ұйымдастыру комитеті басқарады. Байқауды дайындауға және өткізуге ОӘФК жанынан құрылған ұйымдастыру комитеті басшылық жасайды.

2.2. Ұйымдастыру комитетінің қызметі: байқау шарттарын айқындау; байқаудың өткізу уақыты мен қатысушылар категориясын анықтау; қорытындыларын шығару.

2.3. Ұйымдастыру комитетінің жауапкершілігі:

Ұйымдастыру комитеті байқауды өткізуге және ұйымдастыруға жауапты. Ұйымдастыру комитеті қатысушының қате хабарланған деректері үшін жауапты емес.

2.4. Ұйымдастыру комитетінің құқықтары: егер байқау жұмысы мәлімденген Ережеге сәйкес келмесе, қатысушының өтінішін қайтарып беруге; қатысушыны

байқау шарттарының белгіленген ережелерін бұзғаны үшін байқаудан шығарып тастауға; байқау кезеңінде даулы мәселелер туындаған жағдайда, авторлық құқық немесе өзге де құқықтық мәселелер бұзылған жағдайда қатысушыны байқаудан шектетіп тастауға құқылы;

2.5. Ұйымдастыру комитетінің міндеттері: байқаудың кең ауқымда өтуін қадағалау; барлық қатысушылар үшін бірдей жағдай жасау; байқау қорытындысының шығуын мерзімінен бұрын жарияланбауын қадағалап отыру;

3. Байқауға қатысушылар:

Байқауға қатысушыларға жас шамасы және кәсібі бойынша шектеулер қойылмайды.

4. Өткізу мерзімі

Байқау облыстық деңгейде екі кезеңде өткізіледі:

I кезең — 2016 жылдың 25 қазаны мен 25 қараша аралығында Қарағанды облысының қалалары мен аудандарында өтеді. Қатысушылар өздерінің жұмыстарының электронды нұсқасын ОҚЖ орталық кітапханаларына жібереді. Байқау жұмыстарын жинау орны орталық аудандық кітапхана (ОАК) немесе орталық қалалық кітапхана (ОҚК) болып табылады. ОАК, ОҚК талаптарға сай жұмыстарды іріктеп алғаннан кейін, фотосуреттерді кітапхананың ресми сайтында және кітапхананың әлеуметтік желідегі парақшасында жариялайды.

25 қараша (00.00) мен 29 қараша (00.00) дейін әлеуметтік желідегі парақшада жарияланған фотосуреттерге онлайн дауыс беру жүргізіледі.

30 қараша - 2 желтоқсан ОҚЖ немесе ОАК онлайн дауыс беру арқылы анықталған 3 үздік фотосуреттің баспа нұсқасын жинайды. Фотосуретті басып шығару қатысушы есебінен жүзеге асады.

2-4 желтоқсан аралығында ОҚЖ немесе ОАК 3 үздік фотосуреттің баспа және электрондық нұсқасын Н.В.Гоголь атындағы ОӘФК жіберу керек. Электрондық нұсқасын metod@karlib.kz электрондық мекен-жайына «Фотоконкурс» деген тақырыппен жібереді.

Хатта фотосурет авторының аты-жөнін, фотосурет атауын, түсіру орны мен күнін, автордың байланыс мәліметтерін міндетті түрде көрсету керек. Фотосуреттің баспа нұсқасы мына мекен-жай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Ерубаев кө-

шесі, 44. Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды ОӘФК.

II кезең — 2016 жылдың 5 желтоқсанында облыс аудандары мен қалаларының ОҚЖ байқауға ұсынылған жұмыстары онлайн дауыс беру үшін ОӘФК Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында жарияланады. Дауыс беру 5 желтоқсан күні Астана уақытымен сағат 00.00-де басталып 8 желтоқсанда сағат 00.00-де аяқталады. Дауыс беру нәтижелері бойынша анықталған ең үздік 20 жұмыс іріктеліп алынып, ОӘФК фотосурет көрмесін ұйымдастырады. Фотосурет көрмесі 12 желтоқсанда басталып, 2016 жылдың соңында аяқталады.

5. Байқауға қатысу рәсімі

5.1. Байқауға JPG нұсқасындағы көлемі кемінде 2000 пиксель, А4 форматында басып шығаруға жарамды фотосуреттер қабылданады (фотосуреттің авторы мен атауы міндетті түрде жазылу керек); Сонымен қатар байқауға фотосуреттің А4 форматында басып шығарылған нұсқасы қабылданады. (2000 x1500 пиксель 20x30 см өлшеміндегі фотосуретке сәйкес).

Фотосуреттер өзіндік сюжеті мен композициясымен ерекшеленуі қажет; оқиғалар, фактілер егеменді Қазақстан тарихымен байланысты болып, рухани және мәдени құндылықтарды, патриотизм, бірлік пен келісімді насихаттауы керек. Әр қатысушы 5 фотосуреттен артық ұсына алмайды.

5.2. Міндетті түрде фотосуретке оның сюжеті мен тарихын ашатын қысқаша аннотация жазылу керек.

5.3. Берілген материалдың авторы байқауға қатысушының өзі болуы керек, ғаламтордан немесе кез-келген басқа жолмен алынған (авторлық құқығы сақталмаған) фотосуреттер байқауға жіберілмейді.

5.4. Фотосуреттер мен материалдар байқау соңында қатысушының өзіне қайтарылып беріледі.

6. Бағалау тәртібі

6.1. Таңдалған фотосуреттер мынадай критерийлер бойынша бағаланады: байқауға ұсынылған фотосуреттер тақырыпқа сәйкес болуы қажет; авторлық көзқарас пен бірегейлік және идеясы мен мазмұнының ерекшелігі, авторлық шешім (байқау жұмысының бірегейлігі); көрушіге тартымдылық әсер туғызу; жұмыстың көркемдік сапасы жоғары болуы тиіс (композициясы, түсі және т.б.); орындалуындағы шеберлік пен жоғары сапалық; жолдама мәтінінде сауаттылық пен логика болуы қажет; кадрдың неғұрлым шынайылығы сақталуы қажет, фотоколлаж, бұрмалау болмауы керек;

7. Фотосурет байқауының қорытындысы

7.1. 2016 жылдың 12 желтоқсанында байқау қорытындысы шығады.

7.2. Байқау жеңімпаздары онлайн дауыс беру қорытындысы арқылы анықталады.

Байланыс үшін:
Кітапханаларды дамыту бөлімі: тел.: 8-7212- 56-77-55
metod@karlib.kz.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Ұлытау ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұрғын үй кезегіне Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының талаптарына сай түгендеу жүргізетіндігін хабарлай келе келесі құжаттар тізбесін Ұлытау ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне өткізулеріңіз туралы хабарланады.

— Мемлекеттік және бюджеттік мекеме қызметкерлері: жұмыс орындарынан анықтама, әр отбасы мүшелеріне мекенжай және жылжымайтын мүлікке меншік құқығы туралы анықтамалары.

— әлеуметтік әлсіз топтарға жататын азаматтар (зейнеткер, I, II топтағы мүгедектері барлар, толық емес отбасы, көпбалалы

отбасылар, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, жалғыз тұрғын үйі апатты деп танылғандар) әр отбасы мүшелеріне мекенжай және жылжымайтын мүлікке меншік құқығы туралы анықтамалары.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар тізбесін 2016 жылдың 10 желтоқсанына дейін толық өткізбеген жағдайда жұмыстан шығарылған, жұмыс орындарын ауыстырған, өзге елді мекенге тұрақты тұруға кеткен және тұрғын үйге меншік құқығы пайда болған азаматтар жоғарыда көрсетілген заңның талаптарына сай тұрғын үйге мұқтаж азаматтар тізімінен шығарылатындығын ескертеміз.

Ұлытау ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі.

Дәрігер кеңесі



Қант диабеті — ұйқыбез жеткілікті мөлшерде инсулинді өндірмейді немесе ол өндірген инсулинді ағза тиімді қолдана алмаған жағдайда дамиды созылмалы ауру.

Қант диабеті дамуының қауіпті факторлары — 45 жас және одан жоғары; отбасында қант диабетімен ауырған адамның болуы (тұқымқуалаушылық); дұрыс тамақтанбау; аз қимылды өмір салты; дене салмағының артық болуы.

Қант диабетінің белгілері — зәрдің шамадан тыс бөлінуі (полиурия); шөлдеу (полидипсия); үнемі аштықты сезіну; салмақ тастау; көз көргіштігінің бұзылуы; шаршау.

Қалай қант диабеті дамуының алдын алуға болады? Қалыпты дене салмағын сақтау; кемінде 30 минут дене белсенділігімен күнделікті айналысу; қант пен майды тұтынуды азайту; күніне 5 рет жеміс пен көкөністерді тұтыну; темекі мен ішімдікті тұтынудан аулақ болуы керек. Салауатты өмір салтын ұстану жөніндегі қарапайым шаралар қант диабетінің алдын алу үшін тиімді.

М.БЕРЛІҚҰЛОВА, дәрігер.

ТЖ бөлімі ескертеді!

МҰЗҒА ШЫҒАРДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

1. Өз жағдайыңызды байқап, ауа райы мен мұздың қалыңдығына назар аударыңыз. Мұзға автокөлікпен шығуға тыйым салынады.

2. Мұзға тек аяз тұрақты болып, мұз қабатының қалыңдығы 20-30 см. кем емес болған жағдайда шығуға болады.

3. Күшті жел, жылымық — бұл мұздың жалпы массасынан мұздардың бөлінуіне немесе жарылуына әкеп соқтырады.

4. Балық аулауға жалғыз, тәуліктің қараңғы уақытында шықпаңыз және жағадан алыстамаңыз.

5. Мұзға шығарда байланыс құралдары, шам және дабыл беру үшін басқа да құралдар болуы керек.

6. Көкірекше киіп балық аулау, мұз астына кеткен жағдайда, су бетінде қалқып жүруге көмектеседі.

7. Арқа қоржынындағы 15-20 м. жіп немесе бау ТЖ-ға тап болғанда көмектеседі.

8. Егер сіз мұз астына кеткен болсаңыз қолыңызды екі жаққа жайыңыз және мұздың жұқа қабатына бар салмағыңызды түсірмеңіз, мұзға аяғыңызды шығаруға тырысыңыз.

9. Есте ұстаңыз, адам суық суда 20-30 минуттан кейін жаурап, естен танады.

10. Сіздің су айдынында екеніңізді үйде және жұмыста білулері қажет.

Естеріңізде сақтаңыздар, сіздің өміріңіз бен балаларыңыздың өмірі алдын ала қауіпсіздік шараларын сақтағанға байланысты!

Ұлытау ауданы ТЖ бөлімі.

6 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Прокуратурасы күні

**БАСТЫ МАҚСАТ —
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП пен
ЗАҢДЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ**

1991 жылдың 6-шы желтоқсанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Қазақ КСР Прокуратурасы органдарының бірыңғай жүйесін құру, оның дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» Қаулысымен Қазақ КСР-ның Бас Прокурорына бағынатын бірыңғай прокуратура органдарының жүйесі құрылды. 1992 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысымен «Қазақстан Республикасы прокуратурасы туралы» Заң күшіне еніп, соған сәйкес Прокуратура Жоғарғы Кеңеске есеп беретін, заңдардың орындалуына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын орган болды.



тұлғаға әкімшілік жазалар қолданылды, 38 азаматтың конституциялық және еңбек құқықтары қорғалған. Сондай-ақ, прокурорлық шаралар нәтижесінде, 1 175 672 теңге мемлекет пайдасына өндірілді. Мемлекеттік сатып алу кезіндегі заңдылықтарды қадағалау жүргізу барысында 4 заң талаптарына қайшы келісімшарттар анықталып, олар аудандық прокуратураның енгізілген наразылығының негізінде бұзылып, 4 192 500 теңге мемлекетке қайтадан қайтарылып, жаңадан мемлекеттік сатып алулар өткізілді.

Ұлытау ауданы бойынша қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысындағы заңдылығын қадағалау саласы бойынша: Қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеу барысында және қылмыстық деректерді есепке алу және тіркеу кезінде орын алған заңбұзушылықтар үшін прокуратурамен 10 ұсыныстар мен тәртіптік өндіріс қозғау туралы қаулылар енгізіліп, ол бойынша 21 қызметкер тәртіптік жазаға тартылды. Прокуратура тарапынан тергеу мен алдын-ала анықтау органдарының жұмыс нәтижелері үнемі қадағалауда болды. Ұлытау ауданындағы құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу мақсатында аудандық прокуратура қадағалау жасап отырған аймақта, жергілікті атқарушы және арнайы органдардың жұмысын үйлестіру үшін 12 ведомстваралық кеңестер өткізілді. Ұлытау ауданының прокуратурасы өңірдегі құқықтық тәртіп пен заңдылықты нығайтудағы жұмыстарын одан әрі жалғастыра бермек.

Қ.МАНАПОВ,
Ұлытау ауданының прокуроры,
әділет кеңесшісі.

Осы заң прокуратураның құқық қорғау қызметін жақсартуға оң әсерін тигізді. Алайда, мемлекеттік құрылыс үдерісінің жедел дамуы және құқықтық демократияның өріс алуы құқық жүйелерін қалыптастыруда жаңа ізденістерді талап ете бастады. Осыған байланысты 1994 жылы 12 ақпанда Елбасының Қаулысымен Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл құжатта прокуратура органдарын реформалаудың негізгі қағидалары анықталды. Одан әрі ол 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституциямызда және Президенттің 1995 жылғы «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заң күші бар Жарлығында көрініс тауып, бекітілді. Конституцияның 83-бабындағы прокуратура туралы негізгі ереже прокуратураның бірыңғай орталықтандырылған дербес жүйе екендігін жариялап берді. Сөйтіп, прокуратура республикадағы мемлекеттік билік органдары жүйесінде өзінің конституциялық орнын өншіледі.

Прокуратураның реформалануы мен дамуы жаңа мемлекеттік құрылымның, саяси және халықаралық-құқықтық бағдардың қағидасына сәйкестеніп жүзеге асырылуы мүмкін емес еді. Елімізде болып жатқан тың үрдістер мен заң саласындағы жаңалықтар адамды қоғамның жоғарғы құндылығы ретінде бірінші кезекке шығарып, азаматтардың сотпен

қорғалу құқығын кеңейте түсті. Жеке адамның құқығын қорғау республика прокуратура органдары қызметінің негізгі мазмұнына айналды. Дегенмен, ол басқа мемлекеттік органдар қызметін алмастырмайды, әртүрлі шаруашылық субъектілерінің қызметіне негізсіз араласпайды. Сонымен қатар Конституцияның 83-бабына сәйкес, прокуратура мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары жол берген заң бұзушылықтарды анықтауды күшейтіп, орын алған кемшіліктерді заңда қаралған тұрғыда жоюға ықпал етеді, оның ішінде атқару және сот биліктерінің заңсыз актілеріне наразылық келтіріп, сондай-ақ қолданыстағы заңдар мен Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын орындамау фактілерін қалт жібермейді. Оған дәлел 2016 жылдың өткен 11 айында Ұлытау ауданы прокуратурасы аудан көлеміндегі заңдылықты сақтау мақсатында жасаған жұмыстар бола алады. Атап айтқанда, барлығы 37 тексеріс жүргізіліп, осы тексерістер кезінде анықталған 243 заң бұзушылықтар бойынша 42 наразылық енгізіліп, 36 заңсыз әкімшілік қаулылар күшін жойып, өзгертілді, биылғы жылы енгізіліп жатқан прокурорлық актілердің санына емес олардың нәтижелілігіне аса көңіл бөлініп 20 ұсыныс беріліп, оларды қарау барысында 42 лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметкерлер тәртіптік жауапкершіліктерге тартылды, 28

МЕНИҢ АЛҒАШҚЫ ПРОКУРОРЫМ!

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді қазақ даналығы. ҚР Прокуратурасы күні қарсаңында маған осы саланың қыр-сырын үйреткен аудан прокуроры жайлы жазуды жөн көріп отырмын. 2015 жылдың 1 қазанынан бастап Ұлытау ауданы прокуратурасының прокуроры қызметін атқарамын, осы қызметке дейін Жезқазған қаласында құқық қорғау саласының тергеу қызметінде 7 жыл қызмет атқардым.

Менің алғашқы прокурорым Манапов Қоңырат Пулатұлы. Қоңырат Пулатұлы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылының тумасы. 2015 жылдың күз айында арман қуып, аудан прокуратурасына қызметпен ауысып келгенде, мені жылы лебізбен, ерекше қамқорлықпен қабылдаған осы Қоңырат Пулатұлы болатын. Міне, қазір осы кісінің басшылығымен бір жылдан астам уақыт жұмыс атқарудамын.

Қоңырат Пулатұлы Елбасымыздың саясаты мен бастамаларын өзіне ұран қылған, қызметіне адал, өз ісінің білікті маманы. Осындай білімді басшымен бір ұжымда жұмыс жасап жүргеніме дән ризамын. Шынымен де, басшымыздың ерекше қасиеттерін тізбектеп жаза беруге болар еді, бірақ іскерлігімен аудан халқының ықыласына бөленіп жүргені осы сөзімнің дәлелі деуге де болады.

Алдағы келе жатқан 6 желтоқсан — Прокуратура күнімен өріптестерімді құттықтап, жанұяларына береке, қызметтеріне табыс тілеймін.

А.БІРІМБЕТОВ,

Ұлытау ауданы прокуратурасының прокуроры.

**ОҚУШЫЛАРДЫ ТҰЛҒАЛЫҚ
және КӘСІПТІК ТҰРҒЫДАН
ДАЙЫНДАУ ЖОЛЫ**

Жуырда Ж.Жабаев атындағы №15 Қарсақбай орта мектебінде бастапқы оқу сессиясы өтті. Сессия жұмысы бағдарлы оқытуды жүзеге асыру мақсатында 11-сынып оқушыларымен жүргізілді. Сессияға Байқоңыр және Қоскөл мектептерінен 12 оқушы қатысты.



Келген оқушылар мектепке орналастырылып, бес мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Сессияның бірінші күнінен бастап, мектеп медбикесі оқушылардың денсаулығына, жеке бас тазалығына және ішкі гигиеналық талаптардың орындалуына мән беріп, тексерістен өткізіп отырды. Мектеп психологтары оқушылардың білім алуына қалыпты жағдай туғызу үшін нәтижелі жұмыстар жүргізді. Сонымен қатар, «Мен кіммін?» тренингі, «Психологиялық ойындар мен тренингтер жүргізу», «Оқушылардың бейімделу күнделігі», «Темпераментін анықтау», «Дайындығың қалай бітіруші?» атты тәрбие жұмыстары сессия аясында жүргізілді. Оқушылар психологтың барлық кездесу сәттерінен көтеріңкі көңіл-күймен шығып отырды. Түске дейінгі уақытта базалық және бейіндік пәндер оқытылды. Жаңа форматты ұстаздар тарапынан өткізілген әдістемелік жұмыстар түрленіп, оқыту үдерісіне жаңа серпін әкелді. Сессия барысында оқушыларымен жүргізілген сауалнама нәтижесінде математика пәнінен Ж.Қонысова, орыс тілінен С.Сәдуақасова, қазақ тілі пәнінен З.Тынысова, химия пәнінен Б.Бекжігітова, физика пәнінен Ф.Лисота, география пәнінен Ж.Жакупова, тарих пәнінен А.Шалғынбаеваның сабақтары өте жақсы, мазмұнды деп бағаланды.

Түстен кейін қолданбалы курстармен түзету жұмыстары және сергіту, бос уақытты тиімді пайдалану мақсатында мәдени-көпшілік, сауықтыру шаралары жүргізілді. Атап айтатын болсақ, ағылшын грамматикасы таңдау курсынан тренинг, өлкетану қолданбалы курсынан «ақ халатты, абзал жанды» атты Бенефис-шоу. Тарих беттерін таңдау курсынан «Тарих беттері» атты зияткерлік ойын, агрохимия таңдау курсынан «су-сыры» атты тәжірибелік сабақ, тіл мәдениеті және Абайтану таңдау, «зани-

мательная грамматика» курстарынан да тренинг сабақтар өткізілді. Жобалаудың бірінші кезеңінде — жоба тақырыптары анықталып, жеке бағыттық парақтар толтырылды. Сессияаралық жұмысқа оқушының зерттеу күнделігі тартылып берілді. Биология пәнінің мұғалімі А.Тортаеваның «Генетикалық модификацияланған өнімдер пайдасы мен зияны» атты коучинг оқушылар тарапынан жылы қабылданды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Сейтованың «Мамандығым — мақтанышым!» атты коучинг те оқушылардың көңілінен шықты. Оқушылар мамандықтың сан түрімен танысып, қазіргі уақыттағы қажетті мамандықтарды анықтады. Сессия шеңберінде тәрбие жұмысына зор көңіл бөлінді. 11-сыныптың сынып жетекшісі Ф.Лисота мен мектепдиректорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Сейтованың «Дұрыс тамақтану — денсаулық кепілі», «Энергетикалық суындардың зияны» тақырыбында өткізілген тәрбие сағаттары жоғары деңгейде өтті.

Спорттық ойындар, мәдени іс-шаралар да назардан тыс қалмады. Денешынықтыру пәнінің мұғалімі С.Мәшіріп «Алға, достым!» атты спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырды. Сонымен қатар, оқушылар «Күз ханшайымы мен Ханзадасы-2016» байқауына белсене қатысты. Сессия соңында жүргізілген жұмыстарға, оқушы жетістігіне талдау жасалып, арнайы сынақ жүргізілді. Оқушыларға сессияаралық тапсырмалармен қатар кеңестер берілді. Сессия жұмысын қорытындылай келіп, сабақтар мен тәрбие шараларына белсене араласқан оқушылардың есімдерін атап, арнайы марапаттады.

Б.ШМАКОВА,
№15 Қарсақбай орта мектебіндегі директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары.



**Директор-
Бас редактор
Елтынды
ДҮЙСЕНБАЕВ**

Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімсіз»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Еркемов көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Бұлқышев көшесі, 11- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады, Таралымы - 1400 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 48